

Сейітжапбар Райымқұлұлы
Нұрымбет Әбдіғапбаров



Азнабай

баласының ұрпақтары

**Сейітжапбар Райымқұлұлы
Нұрымбет Әбдіғапбаров**

**«Азнабай бақсының
ұрпақтары»**

Шымкент қаласы
2015 жыл.

Майқы баба айтқандай:
*«Жеті атасын білмеген
жетесі жоқ неме» -
демесі үшін осы жазбаны
қалдырдық...*

«Жеті ата»

(Азнабай бақсы бабамыз бен одан
тараған ата-бабаларымыздың рухына арнау.)

«Бисмиллаһир рахманир рахим...»

Бір шабыт билеген соң өн бойымды,
Бастайын «біссімлә...» деп енді ойымды.
Аллаға мадақ айтып, салауатпен,
Бабалар құрметіне ден қойылды.

Қор болмас жеті ата-тегін білген.
Құрметтеп бабалардың жөнін білген.
Орта жүз, қоңыраттың жетімдері,
Қалайша ұмытайын тегімді мен.

Жетімдер Мырзахмет палуан екен,
Сақтапты ел намысын жаудан бөтен.
Асқақтап ел ішінде абройы,
«Тебей» болып аталып қалған екен.

Тебейдің бір ұрпағы Азнабай.
Болыпты қасиетімен қазыналы-ай,
Қойлыбай нағашының қобызымен,
Бабама бақсылығы дарыған-ай.

Әруақты бақсы болып шарықтаған,
Бойына жаман қасиет дарытпаған.
Киелі қобызымен емші болып,
Алдына келген жанды налытпаған.

Көргендер шын бақсылық қасиетін,
Болыпты құрмет тұтып, бас иетін.
Келгендер шипа тауып қайтады екен,
Аластап бойдағы дерт – қасіретін.

Осындай бақсы бабам өткен екен.
Атағы шар-тарапқа жеткен екен.
Азнабай бақсының ұрпақтарын,
«Бақсының ұрпағы» деп кеткен екен.

Мекендеп сырдың екі жағалауын,
Ұрпағын өсіріпті бабаларым.
Азнабай бабамыздың әруағы,
Қолдап жүр кейінгі ұрпақ-балаларын.

Жыл жылжып, жатқаннан соң ғасыр өтіп,
Аталар кезегімен жатыр өтіп.
Киелі бабамыздың Нар қобызын,
Ұрпағы сақтап келген асыл етіп.

Айына, не болмаса жылына біз,
Жанына Нар қобыздың жиыламыз.
Бабалар рухына құран оқып,
Аллаға мадақ айтып сыйынамыз.

Өмірде жаманшылық болмасын деп,
Жортқанда қыдыр болсын жолдасың деп.
Үлкендер кішілерге бата берген,
Әруағы бақсы баба қолдасын деп.

Еске алсам тарих болған шежірені,
Көмейден жыр шумағы төгіледі.
Азнабай бабамыздың рухына,
Тәуетіп жыр арнаған жерім еді.

(Әмин)

Әбдіғапбаров Нұрымбет Тастанбекұлы.

Қысқаша тарихқа шолу.

Қоңыраттың шын аты «Нағанай». Жаугершілікте өз әскерін өзге әскерлерден ажырата білу үшін әскерлерін қоңыр атқа мінгізеді екен. Соған байланысты Нағанай «Қоңырат» атанып кеткен.


Қоңырат «Нағанайдың» екі әйелі болады, олар Түркістанда болған. Екі әйелден 30 ұл бала болады. Нағанай мен кіші кемпірі Түркістанда қайтыс болады. Нағанай қайтыс болғаннан кейін, Түркістан бағытына Жоңғарлар шабуыл бастайды. Үлкен бәйбіше әкелері жоқ мына балаларды қырып аламынба деген қауіппен балаларды жинап ақылдасады, «Мына соғыс жақындап келе жатыр не істейміз?» - дейді, бәйбіше анамыз: «Сыр-Дария мен Аму-Дарияның арасын өрлеп қоныс аударайық» – деп ойын айтады. Анамыздың бұл ойын 29 баласы мақұл көріп, келісімін береді. Тек екінші баласы Мелдеби «Әкем жерленген жерден кетпеймін» – деп келісім бермейді. Сонымен, анасының айтуымен 29 бала қоныс аударады. Мелдеби Түркістанда қалып қояды. Самарқанд, Бұхара, Хорезм, Сұрхандария, Түркімен аймақтарына тарап, сол жақта тұрақтап қалады. Күндердің-күнінде Нағанайдың үлкен ұлы дүние салып, оның әйелі «Жезбике» анамыз жесір қалады. Жезбике анамыз өте сұлу болған екен. Бәйбіше мына қалған балалар Жезбикенің сұлулығына қызығып, таласып, араздасып қалар деген оймен балаларын

жинап, «Әмеңгерлік» жолмен Жезбикеге Мелдеби үйленуі тиіс. Сендер Мелдебиге хабар беріндер, егер ол үйленбесе, онда үшінші ұлдың жолы» – дейді. Мелдебиге хабар жетіп, ол келісімін береді. Сонымен, Жезбикені Түркістанға аттандырады, Мелдеби Жезбике анамызға үйленеді. Жезбике анамыз ұл туады, атын «**Тәңірберді**» қояды. Кейін Алла көктен берді – деп «Көктің ұлы» атанып кетеді.


Мелдебидің бәйбішесі құрсақ көтермеген екен. Жезбике анамыздан кейін, ол анамыз да құрсақ көтеріп, ұл туады, атын «**Тәңірберген**» қояды. Тәңірбердіден кейін дүниеге келгендіктен «Көтенші» аталып кеткен.

Тәңірберді жасы жағынан Тәңірбергеннен үлкен.

Бірақ Тәңірберген бәйбішенің баласы болғандықтан үлкендер жиналып, үлкендік жол Тәңірбергенге берілсін деп пәтуә жасасып, бәте берілген. Сонымен жолы үлкен Көтенші (Тәңірберген) ұрпақтары болып, Көктің ұлы (Тәңірберді) ұрпақтары інілік жолда болған.



Тәңірберген (Көтенші) ұрпақтарының ішіндегі жасы үлкені Божбан ата ұрпақтары. Бірақ, Жетімдер Бәйбішеден туылғандықтан үлкендік жол жетімдер ұрпақтарына берілген. Сонымен, көтенші ұрпақтарының ішінде жолы үлкені «Жетімдер» руы.



Қойлыбайдың қобызы.

Азнабай бабаның нағашысы барша қазаққа әйгілі «Қойлыбай Бақсы». Қойлыбай бақсы туралы ел арасында керемет аңыздар қалған.

Ақын Мағжан Жұмабаев 1918 жылы Омбы қаласында «Қойлыбайдың қобызы» поэмасын жазады. Поэма 1989 жылы «Жұлдыз» журналының 6-нөмірінде жарық көріп, оқырмандарға ұсынылады. Сол поэмадан үзінді келтіруді жөн көрдік.

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қытайға қалың Найман қанат жайған.
Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
Алдында жорғалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап,
Қақаман жетіп келеді әлдеқайдан.
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,
Ерегіссе тау-тасқа салған ойран.
Дарқанның Нәдір пері – аға жыны,
Ардақтап оған «Шолак» деп ат қойған.
Қойлекеннің үшінші жан жолдасы –
Шайтанның шу асауы батыр Шайлан.
Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,
Жын менен жолдас болған бала жастан.
Азырақ әңгіме үшін сөз қозғайын,
Қалың Найман жиылған бір зор астан.
Бір асқа жиылыпты Найман тамам,
Бай, биі, батырлары балпаң басқан.
Ішінде сол жиынның Барақ та бар,
Аузынан арыстандай жалын шашқан.
Бәйгеге екі жүздей ат жіберіп,
Күрес сап жиылған жұрт ұрандасқан.
Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар:
«Бәйгеге қобызың қос» деп сұрасқан.

Қалқасы қалың Найман қалаған соң,
Қойлыбайың бәйгеге қобыз қосқан.
Найманның ұлы дүбір сол асында,
Әлеумет алқа-қотан дөң басында.
Айнала ығай-сығай, жақсы жайсаң,
Қойлыбай қобызымен ортасында.
Бас болып батыр Барақ қалаған соң,
Бәйгеге бақсы қобыз қоспасынба?
Қойлыбай сонда айтады шақырып ап,
Ыңғайлы бір бозбаланы өз қасына:
«Ат шабатын жерде бір сексеуіл бар
Жарып өскен жапанның жартасына.
Қобызды сексеуілге байлап таста,
Мен сенем жын Қақаман жолдасыма».
Қалың Найман бәйгеге қобыз қосып,
Шуласып отырысты дөң басында.
Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,
Бозбала ат алдынан шауып кетті.
Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды
Аруақ қалшылдатып, дірілдетті.
Аузынан қанды көбік бұрк-бұрк етіп,
Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.
Көздері қып-қызыл боп қанға толып,
Сарыны сардаланы күңіретті.
Бір мезгіл екпіндетіп, долдандырып,
Бір мезгіл жыны буып күбірлетті.
Қалың құмды қап-қара бұлтқа қосып,
Қызыл жел құйындатып дүрілдетті.
Жан-жақты ың-жың, у-шу дауыс қаптап,
Шапқылап жын-перілер дүбірлетті.
Осылай ойнап, сарнап бақсы жатты,
Қалжырады, қап-қара терге батты.
Сол кезде ат келетін құба жолды,
Түтіндей будақ-будақ бір шаң жапты.
Сол шаңның ортасында бір сексеуіл
Ербеңдеп ойнақ салып келе жатты.

Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,
Сабалап қырды жолғып жаралапты.
Байланған сексеуілге қобыз берік,
Көз ашқанша жиынға келіп қапты.
Сексеуілді қопарып алып келіп,
Қақаман жұбатады ерке қартты.
Қобыз келді, Қойлыбай көзін ашты,
Қалың ел тамашадан тас боп қатты...

Жарысқан бай мен батыр, би мен бақсы?
Алыста елестейсің заман қайран,
Айырылдың балпаң басқан батырлардан.
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.
Құдай ау албастының ойнағындай
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?!
Шіркін ай, кер заманды күл қылар ем,
Бата алсам бағаналы Қойлыбайдан!,

Омбы. Мағжан өлеңдері.
1918 жыл.
Ташкент, 1923 жыл.

Қойлыбай бақсы туралы деректер.

Бақсылар тылсым әлеммен байланысқа түсіп, түрлі рухтарды өз қызметіне пайдаланады. Бақсы қобызын зарлатып, зікір салып шақырған кезде бұл рухтар оның алдына шал, қыз, әйел тәрізді бейнеге еніп келеді де, бұйрығын орындайды. Бақсы солардың көмегімен гипноздық өнер де көрсете алады. Бұл – ежелгі заманнан тарихқа ілесіп келе жатқан аңыздар. Осы аңыздарға назар аударсақ, қыпшақ Қойлыбай тәрізді бақсылар қай жағына қарай қолын сілтесе сол жақта 5-10 қадамдай жерде тұрған заттар қылышпен шапқандай қиылып түседі – міс... Бақсылардың көзге көрінбейтін құдіретті күшінен кірпіш үйдің қабырғасы қақ айырылып, киіз үйдің туырлығы тілім-тілім болып қалады. Бақсылардың өмірін зерттеушілер мұны «**жарғыш жындардың**» әрекеті дейді. Әубәкір Диваевтың хатқа түсірген «Бақсы» жырындағы аңыз бойынша, қыпшақ Қойлыбай бақсының төрт батыр ұлы, бес мың жыны болған көрінеді...

Қыпшақ Қойлыбай Әбурахпанұлы – атақты бақсы, таңғажайып тәуіп, керемет көріпкел, теңдесі жоқ қобызшы болған адам. Аңыздарда да, тарихи шығармаларда да Қорқыттан кейін Қойлыбайдың есімі еске алынады.

Ұлтымыздың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов Қойлыбайды «бақсылардың бақсысы әрі пірі» деп бағаласа, Әлкей Марғұлан: «Қорқыттың қобызын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол Қорқыттың шәкірті болып саналады» деп жазады. Кезінде Мағжан Жұмабаев Шоканның зерттеулерін негізге ала отырып «**Қойлыбайдың қобызы**» атты дастан да жазып қалдырған-ды.

Алайда осы уақытқа дейін тарихи еңбектерде Қойлыбайдың шыққан тегі – Найманның ішінде «Бағаналы» деп қате жазылып келді. Қазақтың жақсы – жайсаңдары, тарихи тұлғалары бір рудың, бір жүздің ғана ұлы перзенттері емес, олар ұлтымызға ортақ мақтанышымыз, дарабоз, даналарымыз ғой. Бірақта «Ата-тегін айтқанның айыбы жоқ» демекші, **Қойлыбайдың руы**

– «Қыпшақ», оның ішінде «Бұлтын». Қойлыбай бақсының әкесі – Әбурахпан белгілі діндар ғұлама, атақты атқамінер ұлық болған адам.

Қойлыбайдың шыққан тегінің – қыпшақ, оның ішінде бұлтың екендігіне нақты дәлел – Қазақтың Ұлттық ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтының қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған Қожаберген Толыбайұлының «Ер Қойлыбай» жыры. Орта жүз Ашамайлы Керейдің Көшебе руының Таузар әулетінің перзенті Қожаберген – әрі жырау, әрі батыр. Ол қазақ халқының шыққан тарихын жырға қосып, «Ата тек» деген дастанын, 1723 жылғы қазақ халқының өміріндегі ауыр кезеңге арнап атақты «Елім-ай» дастандарын жазған.

Кезінде бақсылар туралы еңбегінде Шоқан Уәлиханов Қойлыбайды «Бағаналық» деп жазып, содан Әлкей Марғұлан да, Мағжан Жұмабаев та жаңылысқан. Кейін Шоқанның еңбектерін баспаға дайындаған ғалымдар мұның қате екенін түсініп, оның 1985 жылы шыққан еңбегіне түзету енгізді.

Бұл қателік не себепті орын алды? Ол жөнінде марқұм Қуаныш Ахметов өзінің «Ұлытау» атты кітабында мынандай ой айтады: «... Менің ойымша, жаңсақтық осы еңбек жазылған тұстағы заман ахуалынан, қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар әсерінен кеткен. Кенесары көтерілісінің аяқ шенінде патша үкіметінің қудалауынан бой тасалаған қыпшақтардың ауыл -аймағымен, тайлы-таяғымен Ұлытау өңірінен Сыр бойына жаппай қоныс аударғаны жайлы құжаттар архивтерде тұнып тұр. Жалғыз қыпшақтар ғана емес, көтерілістен соң орыс әкімшілігі бұрын осы төңіректі жайлаған, өздері 1824-1832 жылдары болыстық құрылымға келтірген көптеген рулардың сайда санын, құмда ізін таба алмай қалған...»

Қойлыбай бақсы туралы бұл деректер жазушы
Мақсұтбек Сүлейменнің ғаламторға жариялаған
«Ат бәйгесіне қобзын қосқан Қойлыбай»
мақаласынан алынды.

«Азнабай бақсының кереметтері»

*«Қойлыбай бақсы-тағамыз,
Азнабай бақсы-бабамыз,
Салауат айтып Аллаға,
Қобызбен зікір саламыз.»*

*(Азнабай бақсының қобызын ұстаған ұрпақтарының
зікір саларда айтатын шумақтарынан.)*

Тебей жетімдер атанып кеткен – Мырзахметтің бір баласы Таубай. Таубайдан-Құтым (Құтым сопы). Одан-Құдайсүгір. Құдайсүгірдің ұлы Наргелді. Наргелдіден-Азнабай. Құдайсүгірдің немересі Азнабай үлкен бақсы болған адам. Ол кісінің бақсылық қасиеттерімен емшілік қабілеттері жөнінде аңызға айналып кеткен көптеген әнгімелерді жас кезімізде аталарымыздан, әкемізден талай естігеніміз бар болатын.

Азнабай бабамыздың нағашы атасы, яғни анасының әкесі еліне, қала берді арқадағы дәйім жұртқа атағы белгілі әруақты Қойлыбай бақсы болған. Ол қобыз тартып, адамдарды емдеп, бақсылық және емшілік қасиеттерімен ел аузында қалған адам.

Азнабай бабамыз кәмелеттік жасқа толғанда анасына еріп Арқадағы нағашыларының ауылына барады. Нағашы атасы Қойлыбайдың үйінде болған кезінде атасының әсем әрленген қобызды тартып отырып, ауыру адамдарды емдегенін көреді. Бала көңіл қызығып қабырғада ілініп тұрған қобызды қолына алып, шұқылап отырғанда өзінен өзі бір әсерлі күштің тұла бойына тарағанын сезеді. Бірақ оған онша мән бермейді. Сол күні түнде ұйықтап жатқанда түсінде бір үлкен нар түйеге мінген, үстіндегі киімдері де, сәлдесі де, сақал-мұрты да аппақ шал кісі келіп, Азнабай бабамыздың қолына керемет үлкен қобыз береді. Жас бала «Мен бұл үлкен қобызды көтере алмаймын ғой» деп алуға тартынады. Сонда әлгі шал «Біз саған сенеміз. Сенің көтеруге толық шамаң келеді. Оны көтеріп жүруге саған өзіміз көмектесеміз. Біз осылай ұйғардық» - деп, қобызды баланың қолына ұстатқан кезде бала оянып кетеді.

Бұл жағдай ойын баласының есінен де шығып кетсе керек.

Ауылына қайтатын күні қоштасарда Қойлыбай атасы: «Ал жиенжан, қазағымыздың дәстүрі бойынша, нағашылап келген жиенге, нағашылары "қалаған затын" бәсіре есебінде беру тиіс. Қалауынды айт» - дейді. Сонда Азнабай бабамыз;

«Қалауымды берер болсаңыз, үйде қабырғада ілулі тұрған қобызыңызды беріңіз»-деп өз қалауын айтады. Нағашы атасы қобызын қолына ұстап тұрып,

«Осыны қалаған екенсің, бердім саған, жиенжан. Сенде бір рулы елдің болашағысың ғой, игілігіңе жарасын, әмин» - деп ақ батасын беріп, атқа мінгізіп, қош айтысып шығарып салады.

Бұл жағдайды көріп тұрған ауыл адамдары Қойлыбай бақсыға «Сенің бұның не? Ауылымыздың, ағайын-жұртымыздың несібесі болған бабаларымыздың бар әруағын бір жас балаға бере салғаның қалай?!» деп қапа болып ашуланады. Қойлыбай бақсы ауылдан ұзап кетіп бара жатқан қызы мен жиенінің артынан қарап біраз тұрады да, ағайындарына бұрылып,

«Уа ағайын, сендер қамықпаңдар. Алланың бізге берген несібесі құдайға шүкір мол, ал ата-бабаларымыздың әруағы өте күшті, баршамызға да жетеді. Мен жиеніме оның тек үштен бірін, өз үлесін ғана бердім»- деген екен.

Түркістан маңындағы өз ауылына келгеннен кейін бозбала Азнабай нағашы атасынан қалап алған қобызын тартып үйреніп, халықтың құлағына жағымды керемет әуендерді ойнап, **«қобызшы Азнабай»** атанып, елге таныла бастайды.

Арада біраз уақыт өтеді. Бір күні ауылда болып жатқан жиын үстінде бір кемпір «Қобызыңды көтеріп ары-бері шауып, той-томалақта қобыз тартып, ойнақтағаннан басқа ештеңе білмейсің. Осы қобыздан саған не пайда. Оданда ел қатарлы пайдалы жұмыспен айналыспайсың ба?» деген сияқты намысына тиетіндей ауыр-ауыр сөздерді айтып Азнабайға қатты ұрысады. Бұл сөзге қапа болған Азнабай үйіне келіп ашу-ызасын басайын деп қолына

қобызды алып, ыңылдатып тартып отырады. Сол отырғаннан басын көтерместен біраз уақыт отырады. Кенет, тартып отырған қобызының үні ерекшеленіп, әуені қоңырланып, күніреніп, дауысы зорайып сала береді.

Байқап қараса отырған үй де, Азнабайдың өзі де шайқатылып, теңселіп барады екен. Тура бір ортаға биге шыққан жандай. Дереу тартып отырған қобызын қоя салып, кәлимаға тілін келтіріп, білген құранын оқып, көзін жұмып отырған жеріне қисайып жата кетеді.

Біраз уақыттан кейін әлгі құбылыс жайлап басылады. Не болғанын түсінбеген бабамыз өз-өзіне келгеннен кейін жайлап далаға шығады. Далаға шықса есік алдында бір жас бала «Пәленше деген әжеміз есігінің алдында тұрған жерінде есінен танып құлап, жан тапсырғалы жатыр»- деп айқайлап жүгіріп барады екен. Бұл құлаған сол баяғы Азнабайдың ашуына тиген кемпір екен. Бұл екі құбылыстың бір-бірімен байланысты екенін сезген Азнабайдың есіне баяғы нағашы атасының үйінде түсінде көрген оқиға түседі. Әруақты бабаның қобызына тіл тигізген кемпірді сұлатып түсірген өзі арқылы келген Қойлыбайдай нағашы атасының әруағы екенін және Алланың кереметімен нағашы атасының қобызы арқылы өзіне де бір қасиет, яғни әруақ қона бастағанын сезеді. Сол күні әруақтарға атап құрбандық шалып, құран оқытып жібереді.

Одан кейін де осындай бірнеше оқиғалар болады. Өз бойында пайда болған құбылыстарды және болып жатқан оқиғаларды сараптай келе бұл жайды ауылда бақсылық қылып, адамдарды емдеп жүрген бір қарияға айтып ақылдасады. Ол кісі бұндай жағдайда діни сауаты бар, оқыған, таза тәбетті, әруақты адамнан бата алып, бақсылық жолына түсу керектігін айтып кеңес береді.

Шынында-да, бір әруақты кісіден бата алып, осы жолға бас қоймасам не өзім, не ағайындарымның бірі майып болып кетер, "Кімнен бата алсам екен" деп әруақты адамдарды іздестіре бастайды. Көп уақыт ондай адамды таба алмай қатты қиналады. Бір күні қобызын тартып отырғанда, Қобыздың қоңыр үніне қосылып «Саған бата

беріп қойғанбыз, қиналма бастай бер» деген дауыс құлағына анық естіледі. Бұны айтып тұрған кім екен деп жан-жағына қараса ешкім көрінбейді. Сол күннен бастап қобызшы Азнабай бабамыз бақсылық жолға түсіп, алдына келген ауыру адамдарды емдей бастайды.

Ауыру адамдарды емдеу барысында, қобыз тартып, әруақтарын шақырып көрсеткен керемет бақсылық қасиеттерін көрген жұрт оны «**Азнабай бақсы**» атап кетеді.

Азнабай бабамыздың бақсылық кереметтері жайында ел арасында аңызға айналған оқиғалар өте көп. Бір жылы қатты қыстан қиналып әрең шыққан ауыл адамдары көктем шыға ауылда үлкен бір жиын жасап ас береді. Ас дастарханын ауыл маңынан ағып жатқан өзеннің арғы жағасындағы қырға жасайды. Дастархан дайын болып, адамдардың көпшілігі жиналып дәмге отыра бастағанда, өзен үстінде кенеттен бір дүлей дауыл болып, әле өзеннен өтіп үлгермеген адамдар дастархан жасалған жағаға өте алмай қалады. Олардың ішінде Азнабай бақсы да бар еді. Арғы жағадағы дәмнен құр қалу қаупін сезген адамдар «Сені ел керемет әруақты деп мақтайды. Ал біз сенің кереметінді естігеніміз болмаса, көрген емеспіз. Осы жерде кереметінді көрсетші, қане» - деп Азнабайға сынап қарайды. Бабамыз бұл өте ауыр сынақ екенін сезеді. Сонда да болса әуелі Аллаға, кейін бабаларының әруағына сыйынып, қобызын қолына алып іске кіріседі. Қобызын тартып, зікірін салып қанша әрекет жасағанымен көпке дейін ешқандай өзгеріс болмайды. Адамдар күдерін үзе бастайды. Азнабай бақсының дауысы мен қобыздың үні жан-жақты күңіретіп, жерді селкілдетіп жіберердей қатты, басылар емес. Бір кезде аспанда қою кара бұлт пайда болады да, құйындатып келіп өзеннің үстінен ұшып өтеді. Ұзап барып, қайта оралып өзеннің арғы жағасымен ұшып келіп, ас дайындалған жерде шетте әле ешкім жайғасып үлгермеген дастарханды астына жайылған кілем, киіз, алаша төсеніштерімен бірге, үстіндегі тамақтарын қоса көтеріп әкетеді. Арғы-бергі жағадағы жұрттың бәрі аң-таң. Сол көтергеннен әкеліп бергі жағаға көк майса

қалың шөп өсіп тұрған қыраттау жерге орналастырады да қара бұлт көзден ғайып болады. Азнабай сонда барып қобыз тартуын тоқтатады.

Адамдарға қарап; «Бұйырған астан барлығың да дәм татындар, бірақ ол жердегі төсеніштер мен ыдыс-аяқтарға қызығып, тиуші болмандар»-дейді.

Жұрт болған оқиғаға сенерін, не сенбесін білмей, дәмге отырады. Ас желініп, ақсақалдар батасын беріп, құрандарын оқып "әмин" жасап болған соң Азнабайға «Кереметіңе сендік. Бұдан былай шүбә келтірмейміз. Дастарханды жайына қайтар» -дейді. Азнабай бақсы әрекетін жасағанымен дастархан орнынан қозғалмайды. Біраз көзін жұмып отырып «Дастархан үстіндегі күміс қасықты қайсың алдыңдар. Тез орнына қойыңдар» деп айқайлайды. Сонда шетте тұрған бір кісі «Жаздым-жаңылдым, кешіре гөр» деп қалтасынан күміс қасықты алып дастархан үстіне қояды. Сонан соң Азнабай бақсы қобызын қолына алып, зікірін салып, әруағын шақырып әрекет жасағанда баяғы қара бұлт қайта пайда болып, дастарханды көтеріп өзеннің арғы жағасына алып кетеді. Шай қайнатым уақыттан кейін өзен үстіндегі дүлей дауыл басылып, қара бұлт та жоқ болып, ештеңе болмағандай барлығы бұрынғы қалпына келеді.

Азнабай бақсының атағын елге танытқан бұл кереметке куә болған адамдар көпке дейін осы оқиғаны ауыздарынан тастамай аңыз қылып ел арасында айтып жүреді.

Азнабай орта жасқа келгенше нағашы атасы Қойлыбайдан қалап алған киелі қобызын қолынан тастамай бақсылық-емшілігін жасап, көптеген кереметтерін көрсетіп жүреді. Қобызды өте күтіп ұстайды. Жылдар жылжып өте береді. Бір күні бұл кісінің емшілігінің күшті екенін ұзын құлақтан естіген бір кісі өзінің ауырып қалған кішкентай қызын емдетуге алып келеді. Емші қобызын қолына алып емдеуге кіріседі. Қобыздың үні де, Азнабайдың әруақ шақырардағы дауысы да бұрынғыдай емес біртүрлі бәсең естіліп, кесел қыздың емін таба алмай қиналады. Бір өзгеріс болғанын сезіп дереу емін тоқтатады да, «Бүгін дем

аламыз. Емді ертең жалғастырамыз»-деп қобызын орнына іліп қояды. Күн бейсенбі еді. Құптан намазын оқып болғаннан кейін «дауысын бір шығарып қояйын» деген оймен қолына қобызды алып, тартып отырғанда, арт жағынан «Өз қобызыңды жасап, ата-бабаларыңның қасиеттерін ары қарай жалғастыра түс. Сонда сенің күш-қуатың арта түседі. Ол үшін бұрын ата-бабаларыңның қонысы болған жерде өсіп тұрған қасиетті жиде ағашын тауып алып, сол ағаштың бір бұтағынан өз қолыңмен жасауың керек» – деген үн естілгендей болады. Артына бұрылып қараса ешкім жоқ. Әруақтар аян беріп жатқанын түсінеді де дереу қобызды орнына іліп қояды.

Ертеңіне қыздың әкесіне «Қызды кейін әкелесіңдер, уайымдамаңдар жазылып кетеді» - деп қайтарып жібереді де, әлгі жиде ағашын іздеуге кіріседі. Қай жерде екені белгісіз. Сыр бойының екі жағы мен Арқа жақты, сонан соң бұрын ата-бабаларының мекендеген жері еді деген жерлердің барлығына да барып көреді. Ондай жиде ағашы еш жерде жоқ. Ауыл-ауылды жаяу аралап, жолыққан адамдардан, көнекөз қариялардан сұрастырып көп іздейді. Бір күні, таңертеңнен кешке дейін жүріп әбден шаршап, біраз дем алып алайын деп бір ағаштың жанына келіп, ағашқа сүйеніп отырады. Біраздан кейін байқап қараса өзі көлеңкесінде демалып отырған, сыртын әбден шаң басқан мына ағаш жидеге ұқсайды. Сыртындағы шаңын сүртіп көріп еді, шынымен-ақ жиде екен. «Айдалада бекер өсіп тұрған жоқ болар, бір қасиеті бар шығар. Осыны бір байқап көрейінші» - деп қолындағы балтасымен бір бұтағын шауып қалғанда, ағаш бұтақтары қозғалып, құлағына қобыздың үні тәріздес бір қоңыр үн естіледі. Ал балта тиген жерден кәдімгі- дей қан шығып тұр екен. «Іздеген ағашым осы болар, сірә» деп Аллаға сыйынып, құранын оқып, жиде ағашының ең үлкен бұтағын кесіп алады.

Ауылынан қашыққа, бес-алты күндік жерге алыстап кеткен екен. Ағашты іздеп шыққанына да біраз уақыт болған. Ағаштың табылғанына қуанып, бұтақты иығына салып алып, тәуекел деп ауылына жаяу тартады. Жолшыбай көргендердің кейбіреулері «Осындай бір жаман

ағаштың бұтағы өз ауылында табылмайды ма? Есің дұрыс па, сонша жерден ағаш арқалап?" деп келеке қылады. Оларға ештеңе деместен жүре береді.

Жолда кешкісін бір ауылға қонуға тоқтаған жерінде, бұның бақсылық қасиеттерін ұзын құлақтан естіп, бірақ сенбей жүрген біреулер «Бұның не кереметі бар екен, бір сынап көрейікші» деген оймен Азнабай ұйықтап жатқан кезінде оның әкеле жатқан ағашын бір талдың түбіне көміп қояды. Таңертең тұрып қараса жиде ағаш қойған орнында жоқ. Жағдайды түсінген Азнабай таңғы намазын оқып болып, Аллаға мадақтар айтып, бар ынты-шынтымен және бар дауысымен зікір салады. Сол кезде бұл зікір салып отырған үйдің үстінде қатты жел тұрып, үйді тура бір жер сілкінгендей дірілдетіп ала жөнеледі. Осы үйдің аумағында өсіп тұрған бір ағаш өзінен-өзі тамырымен қопарылып құлап түседі. Сол ағаштың түбінде көмулі жатқан киелі жиде ағашының бұтағы оншақты метр жерге ұшып барып, үйдің есігінің алдына тік тұрады. Азнабай зікірін тоқтатып, үйден шыққанда, түнде ағашты тығып қойғандар бұның алдына келіп, жығылып жалынып, «Бір әбестік жасап қойдық. Құдай үшін, бізді кешіре көр» - деп кешірім сұрайды. Азнабайдың бақсылық қасиеттеріне толық сенген ауыл адамдары иығына шапан жауып, астына ат мінгізеді. Бірақ Азнабай ол сыйлықтарын сол ауылдың жасы үлкен қариясына беріп, батасын алып жолға жаяу шығады.

Арада тағы да төрт-бес күн түнеп, өз ауылына кешке күн батарда әрең жетеді. Киелі ағашты жақсылап тазалап жуып, сүртіп, құрғатып үйіндегі қобыз тұрған бөлмеге қабырғаға сүйеп қояды. Жолдан қатты шаршаған болуы керек ертерек жатып ұйықтап қалады. Сол күні түсінде баяғы түйе мінген ақ сақалды шал келіп, бұл ағаштан қобызды қалай жасау керектігін айтып аян береді. «Мен айтқан тәртіппен жаса, іс-әрекетінде ешқандай өзгеріс, ал пайдаланатын заттарыңда ешқандай бөтен зат болмасын. Жасап болғаннан кейін бұрынғы қобызыңның қасына мойын жағын түйістіріп үш күн іліп қой. Бұл ұзақ жасайтын, ұрпақтарыңа аманат болатын киелі қобыз»-деп қатаң ескертіп, «Бұрынғы қобызыңды өзіңнің ең кенже

балана беруге рұқсат береміз. Ол да осы жолды жалғастырушы болады»-дейді. Ертесіне Азнабай үйінің бір бөлмесін жақсылап тазалап, артық заттардың барлығын басқа бөлмеге шығарып, шот-балта, пышақ, егеу сияқты құралдарын жаңадан сатып алып, түсінде пайдалан деген заттарының барлығын алып, бөлмені ішінен жауып алып қобыз жасауға кіріседі. Түсінде аян бергендей демалыссыз екі күн, екі түн ешкіммен сөйлеспестен қобызды жасап бітіреді. Жасалған қобызды әбден кептіріп, әрлеп, сырлап дайындап бітіргенше ешкімге көрсетпестен сол бөлмеден шығармайды.

Сонымен, бір аптаның ішінде киелі жиде ағашының бұтағынан жасалған үлкен қара қобыз толық дайын болады. Барлық іс-әрекеттерді мүлтіксіз атқарып, бұрынғы қобыздың қасына іліп қояды. Үш күн бойында Аллаға сыйынып, құран оқумен болады. Жаңадан жасалынған қобызды алғаш қолына алар кезде, көпшілікті жинап алып, көрген түсін айтып, бұрынғы қобызын (нағашы атасынан қалап алған қобызды) әруақтардан тағыда бір рет рұсат сұрап, өз ырзалығымен ақ батасын беріп кенже баласына тапсырады. Сонан соң төрде ілулі тұрған жаңадан жасалынған «үлкен қара қобызды» қолына алады.

Бір жұма өткеннен кейін кішкентай қыздың әкесіне хабар жіберіп, кесел қызды алдыртып, жаңа жасалған киелі қобызын тартып, әруақтарын шақырып, зікірін салып, үш күн оқып қызды құлан таза емдеп жібереді. Емдеу барысында Азнабай бақсының әруақтарын шақырып жасаған кереметтері мен кішкентай қызы кеселінен айығып, жүгіріп ойнап кеткенін көрген ақсақал шын ықыласымен ақ батасын беріп, ырза болып аттанады. Жолшыбай кездескендерге, ауыл-аймағына киелі жиде ағашынан жасалған «қара қобыздың» тарихы мен құдіретін, Азнабай бақсының қобызбен көрсеткен кереметтерін қайта-қайта айтып жүреді. Бұл оқиға уақыт өте келе ел ауызынан түспейтін аңызға айналды.

Осы киелі жиде ағашынан жасалынған «қара қобызымен» әруақты Азнабай бақсы өз өмірінің соңына дейін айтса нанғысыз көптеген кереметтер көрсетіп, небір

жазылмайды-ау деген кеселдерді емдейді. Ел ішінде адам баласына тек жақсылық жасаушы, таза әруакты бақсы, адал, қасиетті емші ретінде есте қалған.

Дүниеден өтер шағында Азнабай бақсы барлық балаларын жинап алып; «Мен дүниеден өткеннен кейін сендер мына киелі қобызға таласып жүрмендер. Бұл өзі ата-бабаларымыздың әруақтарының арқасында жасалған. Қобыздың иесі ата-бабаларымыз. Сол кісілер өздері уақыт-сәті келгенде аян беріп, сендердің біреуіңе немесе сендерден тараған ұрпақтарыңның біреуіңе ұстауға рұқсат береді.

Кімге, қашан рұқсат беретінін бір Алла ғана біледі. Сол рұқсат алғаның ұстап, бабалар ісін ары қарай жалғастырасыңдар. Солайша жалғасып кете береді. Бұл қобыз ұзақ жасайды. Ешқашан әруақ таластырып, «Қобызды мен ұстауым керек, қобыз менікі еді» деп күнәһар болмандар. Бұның киесі өте ауыр, біреуінді немесе бірнешеуінді майып қылып кетуі мүмкін. Менің бұл айтқандарым ешқашан естеріңнен шықпасын. Өз ұрпақтарыңа да менің аманатымды дұрыс түсіндіріп айтыңдар. Алламның күдіретімен біреуіңе рұқсат етілгенше менің қолымдағы балада, яғни қара шаңырақта тұрады. Келіп сыйынып, тәу етіп тұруларыңа болады. Қобызды өте таза және ұқыпты ұстандар. Өздерің де таза жүріңдер, ешқашан арам тірлікке араласушы болмандар. Меннен тараған ұрпақтарыңды Алламның өзі қорғап, қолдап жүреді. Жаратқаным жар болсын сендерге» - деп соңғы аманатын айтып тапсырып кеткен екен.

* * * * *

Азнабай бабамыз жасы ұлғайып, қартайған шағында денсаулығы нашарлап, төсек тартып біраз уақыт жатып қалады. Сол кезде жаудың барымташылары алдарында кездескен ауылдарды тонап, ел-жұртқа зорлық-зомбылық жасап, малдарын тартып алып кетіп жүреді екен. Бір күні Азнабай бабамыздың ауылына да осындай бір жаудың

барымташылары жақындап келе жатқандығы жөнінде жаман хабар жетеді. Бабамыздың алты баласы болған. Балдарының барлығы ақылдаса келе жау барымташыларынан ел-жұртты және өздеріне тиесілі малдарын аман алып қалу үшін жау көзінен тасалау жерге қоныс аударамыз (көшеміз) деген ұйғарымға келеді.

Азнабай бабамыз өзінің сырқатының ауырлығына байланысты (өздігінше жүре алмай төсек тартып жатқан болса керек) балаларының көшіне ілесе алмайтынын айтып, «Сендер көше беріндер. Мені әурелемей-ақ қойыңдар. Ата қонысымды тастап ешқайда көшпеймін, осы жерде қаламын. Қартайған шағымда мені жау ала қоймас. Сендер аман болсаңдар болғаны» дейді. Сонда Азнабайдың қолында қара шаңырақта отырған кіші баласы (кенжесі) ағаларына «Әкеміздің жағдайы мынау, көшпеймін деп отыр. Сондықтан да, Сіздер көше беріңіздер. Мен әкемнің жанында қаламын. Не болсада әкеммен бірге көремін» деп көшке ермей қалып қояды. Басқа балалары көшіп кетеді.

Азнабай бақсы қасында қалған баласына «Ауылдың шетіне барып, жау барымташылары келетін беткейдегі дөңнен бір уыс топырақ алып кел» деп бұйырады. Кешке баласы алып келген топыраққа дұға оқып, дем салады да «Менің шамамда, барымташылар ауылға жақындап қалды. Мына топырақты ауылдың шетіне апарып, жау келе жатқан жаққа шашып кел» деп тапсырма береді. Баласы әкесінің айтқанын бұлжытпай орындайды. Дем салынған топырақты далаға шашып келеді. Кенеттен тура осы ауылды бетке алып келе жатқан жау тобырының алдынан алай-дүлей жел тұрып, шаң-тозаң көтеріліп, көзге түртсе көргісіз қара түнек дауыл басталып кетеді. Қара ниетті барымташылар көтерілген шаң-тозаңнан алдарында тұрған ауылды көрместен айналып өтіп кетеді. Ауыл шапқыншылықтан аман қалады. Арада екі-үш күн өткеннен кейін «Өткенде бізді байқамай өтіп кеткен барымташылар қайтып келе жатыр» деген хабарды естісімен Азнабай бақсы тағыда топырақ алдырып, топыраққа дем салып алдарынан шаштырады. Бұдан бір-екі күн бұрын болған құбылыс тағы да қайталанып, дауыл

тұрып, шаң-тозаң көтеріледі. Көздеріне ештеңе көрінбеген жау бірін-бірі сүйрелеп жүріп, қара дауылдан әрең қашып құтылады. Олар «Бұл төңіректе бір қасиет бар болуы мүмкін» деп ол ауылға қайта жоламай кетеді. Бақсы бабамыздың әруағының осындай кереметтілігінің арқасында бұл ауылға жау да, барымташылар да тиісе алмаған екен. Мал-жанын аман сақтап қаламыз деп көшіп кеткен балалары біраз қиыншылықтарды бастарынан өткеріп, кейін түгел әкелері тұрған жерге қайтып келеді. Бабамыз кенже баласы Қалдыбектің қолында қайтыс болады.

Өкінішке орай, Азнабай бабамыздың дүниеге келген және дүниеден өткен (қайтыс болған) уақыты бізге белгісіз. Ауызша деректерге қарағанда шамамен он жетінші ғасырдың аяғы мен он сегізінші ғасырдың басында өмір сүрген. Ол кісінің жерленген жері де белгісіз. Түркістан төңірегінде болса керек.

Қазіргі кезде Азнабай бабамыздан тараған ұрпақтар 160-170 шаңырақты құрайды. Олар Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, Кентау, Шардара, Жетісай қалаларында және Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар, Мақтаарал т. б. аудандарында, сондай-ақ Қазақстанның басқа облыстарында да тұрып жатыр. Негізгі ата қонысы Отырар ауданындағы Шәуілдір (Бұрынғы Шәуілдір совхозы) елді мекені мен Шеңгелді ауылының төңірегі.

Ия, Азнабай бабамыздың киелі қобызы (кейіннен ұрпақтары «Үлкен қобыз» деп атап кеткен қобыз) бүгінге дейін сақтаулы. Ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып келеді. Үш-төрт ғасыр тарихы бар бұл киелі «Үлкен қобыз» «дін-апиын» деп дін атаулыға қарсы болған қоғам кезінде, яғни Кеңестер үкіметі билік еткен қызыл империяның тұсында құрып кетуге сәл-ақ қалып, Алланың көрсеткен кереметтері арқасында аман сақталып келген. Ол кезде Түркістан қаласында Әлжанов Ережептің үйінде сақталған. Азнабайдың кейінгі ұрпақтарының ішінде әруақ қонып, осы қобызды ұстап, емшілік-бақсылық қасиеттерімен, көрсеткен кереметтерімен ел ауызында «Әруақты бақсы» атанған бірнеше ұрпақтары болған. Сонымен қатар


бабаларымыздың әруақтары тек ұлдарға ғана емес, кейбір қыздарына да қонған деген деректер бар. Олар арқылы жиен-жиеншарларға да өткенге ұқсайды.

«Үлкен қобыз» 1950 - жылдарға дейін Түркістан қаласында тұратын ұрпақтарының бірі Әлжанұлы Ережептің шаңырағында болған. 1950 - жылдың басында Әлжанұлы Ережептің үйінен Мырзалыұлы Мамырайым атамыз қобызды Киров ауданының «Большевик» кеңшарындағы «Қызыл таң» ауылына жасырын түрде алып келген. Содан 1998 жылдың шілде айына дейін сол атамыздың қара шаңырағында кенже ұлы Заманбектің қолында болған. Бүгінде Азнабай бақсының жетінші ұрпағы болып келетін Оңтүстік Қазақстан облысы бұрынғы Киров ауданының Большевик кеңшарында туып өскен, қазіргі кезде Мақтаарал ауданы Достық ауыл әкімшілігіне қарасты Абай ауылында тұрып жатқан Мамырайымның туған інісі Әбдіғаппардың үлкен немересі –Жақсыбек Тастанбекұлы Әбдіғаппаровтың қолында. Ол кісі өз ата-бабаларының жолымен мұсылмандық парызын өтеп, дін жолында жүрген азамат. 1998 жылы әкесі Тастанбектің өмірден өткеніне бір жыл толуына байланысты берілген жылдық асынан кейін Алланың кереметімен аян беріліп, (Ол оқиғаның өзі үлкен бір әңгімеге арқау бола алатын керемет мұғжиза) бабаларының қобызын ұстауға рұқсат етілгеннен кейін, киелі қобызды қолына алып отыр. Алдына ем іздеп келгендерге дем салып емдейтін қасиеттері де бар. Қобызға тәу етіп, зиянат жасап келіп кетушілерге әрқашанда есігі ашық. Әлі күнге дейін бабаларымыз бұл қобыздың иесі өздері екендігін ескерткендей белгілер сездіріп «бейсенбі» күндері ілулі тұрған қобыздан сықырлап дыбыстар шығарып, аяндар беріп тұрады екен.

Азнабай бабамыздың заманынан келе жатқан екінші қобыз, яғни «Кіші қобыз» бүгінгі күндері Түркістан қаласында тұратын ұрпақтарының бірі Өтеулі бақсының немересі Төленбай Еркінбекұлының қолында сақтаулы. Ол қобыздың да өз ерекшеліктерімен кереметтері бар.

Көнекөз қариялардан қалған естелік аңыз-әңгімелер мен өз аталарымыздың, әкелеріміздің айтуларына және нақты шежіре-деректерге сүйене отырып, Азнабай бақсы бабамыздан өрбіген ұрпақтарының бүгінгі күнге дейінгі өмір жолдары мен өсіп-өніп, жетілу тармақтарын зерделеп қарап, түсіндіретін болсақ мына төмендегіше шежіре келіп шығады.

Азнабай бақсы бабаның ұрпақтары.



Тұрлыбектен Мүсіреп одан Ноғайбек, Орманбек. Ноғайбектен Әлімбек, Адырбек. Әлімбектен Бағысбек, Құдасбек, Жәнібек. Бағысбектен Сарсенбай, Болатбек, Мықтыбек. Болатбектен Сауран, Әбдімәлік, Хахназар. Мықтыбектен Аян, Нұғман. Құдасбектен Бақыт, Абай, Сәкен, Ахмет. Жәнібектен Ағабек, Асқарбек, Аспанбек, Жандос. Ағабектен Диас, Жанболат. Асқарбектен Иманғали. Адырбектен Анарбек, Алмабек, Алмасбек. Анарбектен Нұрбек, Ұланбек, Қанат, Шыңғысхан. Алмабектен Азамат, Марат, Самат. Алмасбектен Әсембек, Асхат. Орманбектен Тәліп, Тастемір, Қалдарбек, Талғат,

Алдаберген. Тәліптен Бақыт, Нұрлан. Бақыттан Берік. Беріктен Рахат. Нұрланнан Дәулет. Одан Мәдіғали. Тастемірден Райымбек. Қалдарбектен Абай, Абылай, Төрехан, Темірхан. Абайдан Серік. Абылайдан Әділет, Рахмет. Төреханнан Нұрасыл, Ерасыл. Талғаттан Болат, Қанат. Болаттан Байбек. Алдабергеннен Берік.

Марданбайдан Дауылбай одан Қосманбет, Доспанбет, Ақпанбет, Нақпанбет, Жолдасбек. Қоспанбеттен Алтынбек, Айдарбек, Жарқынбек, Пернебек. Алтынбектен Ерназар, одан Ғалымжан. Айдарбектен Болат, Сұлтанхан. Болаттан Темірхан, Мірәлі. Темірханнан Талғат. Сұлтанханнан Абпаз, Алмаз, Марат, Қайрат, Мұрат. Абпаздан Нұрлыбек. Алмаздан Айбек. Қайраттан Жанболат. Пернебектен Мұхтар, одан Ансар. Жарқынбектен Құрбанәлі, Оразәлі, Шахимарал. Құрбанәліден Қыдырәлі, Қалдыбек, Нұрәлі, Әбдуәлі. Қыдырәліден Ермек, Мұхамеджан. Қалдыбектен Ғалымжан, Нұрасыл, Мұхтархан. Ғалымжаннан Қуаныш. Әбдуәліден Азамат, Ерқанат. Шахимаралдан Нұрбақ. Оразәліден Шәріпбек, Шакизада, Әбдрахман. Шәріпбектен Жомарт. Шакизададан Нұрсұлтан. Әбдрахманнан Бейбіт, Нұрбек. Доспанбеттен Әлжан, Сыздық. Әлжаннан Ережеп, одан Оразәлі. Сыздықтан Құрманәлі. Ақпанбеттен Бимырза, одан Шірнебай. Нақпанбеттен Байділлә, Жұмаділлә. Байділләдан Түзел, Әбдіманап, Халық, Бөрібай. Түзелден Әбдімүтәліп, Әбдімәлік, Әбдібақыт, Әбутәліп, Әбдімұрат. Әбдімәліктен Төленді. Әбдімұраттан Нұрасыл. Әбдіманаптан Шерізат. Халықтан Асан, Үсен, Тайыр, Зайыр. Жұмаділләдан Әбдіғаббар одан Асқар, Кендебай. Асқардан Өсерхан, Шыңғысхан. Жолдасбектен Айыш одан Сейтқасым, Мұсабай, Исабай, Әбілқасым. Сейтқасым мен Мұсабай екеуі соғыста қайтыс болған. Исабайдан Қасым, Әшім, Әсілбек. Қасымнан Марат, Мақсат, Талғат, Данияр. Мараттан Айтжан, Шахмардан. Әшімнен Асқар. Асқардан Ақниет. Әсілбектен Серікжан. Әбілқасымнан Есімқұл, одан Рүстем, Мұрат, Бердіхан. Рүстемнен Бекзат.

Бименнен Есдәулет, Избай, Жүзбай, Ыбырайым, Өтеулі. Есдәулеттен Сәрби, Сұлтанмұрат. Сәрбиден Тұрғанбай, одан Әбу, одан Қален, одан Асхат. Сұлтанмұраттан Баймұрат, Халмұрат. Баймұраттан Бектас, Токтас. Бектастан Максат, Қайрат. Максаттан Еркебұлан, Бейбарыс, Мұхамедәлі, Ыбырайым. Қайраттан Нариман, Асқар. Токтастан Қуат, Асхат. Қуаттан Аслан. Асхаттан Дінмұхаммед. Халмұраттан Төремұрат, Шәкір. Төремұраттан Шәріп, одан Қайрат, Қанат, Самат, Асхат. Ыбырайымнан Адасхан, одан Сәрсен, Бейсен. Сәрсеннен Байтұрсын, одан Дархан, одан Нұрсат. Бейсеннен Сәбит, Тұрысбек, Даулетияр, Бахира, Құралбек, Нұралы. Сәбиттен Мұхит, Дидар, Хамид, Максұт, Аблай. Мұхиттан Арнұр, Мұхтархан. Дидардан Шыңғысхан, Нұрасхан, Нығмет, Махсұт, одан Наурызбай. Тұрысбектен Әсілбек, одан Серікболсын, Бексұлтан. Даулетиярдан Мұхамедияр, Абжал. Мұхамедиярдан Ыбраһим. Бахирадан Бахтияр, Шерхан. Бахтиярдан Данияр. Шерханнан Барысхан, Бекарыс. Құралбектен Бекайдар, Жомарт. Бекайдардан Айсұлтан. Нұралыдан Берікхан, Есенғали. Өтеуліден Омарбек, Еркінбек, Төкен. Омарбектен Қайып. Еркінбектен Ислам, Төлен. Исламнан Мұсағали Жұмағали, Бағдаулет. Төленнен Нұрғали, Ерғали, Олжас. Нұрғалидан Азамат. Төкеннен Момбек, Үндемес. Момбектен Токтамұрат, одан Әбдімәлік, Әбдіхалық, Хажымұрат, Марат, Бек, Мейірбек. Әбдімәліктен Анарбек, Асылбек, Қажыбек. Әбдіхалықтан Аблай. Хажымұраттан Дінмұхамед. Бектен Арман.

Қалдыбектен Құлтай, Дулатбай.

Құлтайдан Әзберген, одан Иманбек қажы, одан Жүніс, Әбілдә, Әбдіқадыр. Жүніс Ұлы Отан соғысынан оралмаған, хабарсыз кеткен. Әбілдәдан Әбдіманап, Әбдулхалит, Әбдіхалық, Әбдіхакім. Әбдіманаптан Хайрмұрат, Ділмұрат, Бахтияр. Әбдулхалиттен Шухрат, Шерихат, Шахрух. Әбдіхакімнен Дәурен. Хайрмұраттан

Нұрмұхамбет. Шухраттан Шералі, одан Самандияр, Досмұхаммед. Әбдіқадырдан Әбдікұл қажы, одан Мұхамедәлі, Бакдәулет, Нұрдаулет.

Дулатбайдан Мырзалы, Әбдірайым, Әбдіхайым.

Мырзалыдан Мамырайым, Райымқұл, Әбдіғапбар.
Мамырайымнан Сазанбек, Тәжібек, Заманбек. Сазанбектен Жолдыбек, Асқарбек, Сайлаубек, Ерлібек, Базарбек. Жолдыбектен Қуаныш, Сәндібек, Әділбек. Қуаныштан Арсен, Дамир. Сәндібектен Диас. Асқарбектен Жәнібек, Мұратбек. Жәнібектен Ернұр. Сайлаубектен Нұрбек, Мейрамбек, Жандарбек, Айбек. Нұрбектен Даниял. Мейрамбектен Нұрислам, Алинұр. Ерлібектен Ержан, Ғалымжан. Базарбектен Бауыржан, Бекжан. Тәжібектен Құралбек, Серікбек, Еркінбек. Құралбектен Жанабек, Жарқынбек. Серікбектен Ерасыл, Нұрхан, Нұрсұлтан. Еркінбектен Алтынбек. Заманбектен Мейірбек, одан Нұрғали, Құрманғали.

Райымқұлдан Әбдіжапбар, Әбдіхалық, Сейітжапбар. Әбдіжапбар Ұлы Отан соғысынан оралмаған, хабарсыз кеткен. Әбдіхалықтан Абай, Сапархан, Насырхан, Қалдарбек, Ербол, Нұрбол. Абайдан Бекбол, Бексұлтан. Сапарханнан Есбол, Есқали. Насырханнан Бибол, Байбол, Бекзат. Қалдарбектен Базарбай, Сәрсенбай. Ерболдан Құрманбек, Самат. Нұрболдан Әбдірахман. Сейітжапбардан Әлімхан, Айдархан. Әлімханнан Бауыржан. Айдарханнан Даниял.

Әбдіғапбардан Тастанбек, одан Жаксыбек, Оналбек, Сырымбет, Нұрымбет, Оразхан, Пернехан, Нұрлыхан, Сабырхан. Жаксыбектен Жайлаубек, Біржан. Жайлаубектен Абылайхан, Ахметжан. Оналбектен Сұлтанбек, Алшыораз, Нұржан, Сержан. Сұлтанбектен Бейбарыс. Алшыораздан Иманғали, Алихан. Нұржаннан Әбдірахман. Сержаннан Едіге. Сырымбеттен Көпжан, Бауыржан, Шыңғыс. Нұрымбеттен Досбол, Серікболсын.

Досболдан Нұрдаулет. Оразханнан Нұржау, Қаржау, Наурыз, Асылбек. Нұржаудан Нұрғиса. Пернеханнан Ержан, Бекжан. Нұрлыханнан Бақжан, Токжан. Сабырханнан Ақжан, Әділжан.

Әбдірайымнан Қалқа.

Әбдіхайымнан Әмзе, одан Бақыт.

Азнабай бақсының қажылыққа барған ұрпақтары.

Иманбек қажы Әзбергенұлы.

Иманбек атамыз 18-20 жасында қажылыққа баруға ниет етіп, Түркістан қаласынан қажылыққа бару ниетімен сапарға шыққан бір бай кісіге жаяу ілеседі. Айлар жүріп, көп қиыншылықтарға кездесіп, шаршап-шалдығып, «Меккеге» 2-3 күндік жол қалғанда демалып отырып, ұйықтап кетеді. Қанша уақыт ұйықтағанын білмейді. Ұйқыдан ойанса адамдар топ-топ болып айналасынан өтіп жатады. Аң-таң болып отырып біреуінен бұл қай жер деп сұрайды. Олар бұл жердің «Мекке» екенін айтады.

Сонымен, Иманбек атамыз Мекке мен Мединеде қажылықтың барлық шарттарын орындап болғаннан кейін, сол жерде өмірінің ақырына дейін қалуға бел буады. Арада біраз жыл өткеннен кейін, ұйықтап жатқанда, түсінде бір шал келіп «Балам сен енді еліңе қайт» - дейді. Ұйқыдан тұрғаннан кейін жаңағы шалдың айтқанына көп ойланып, елге қайтуға дайындалып, жолға шығады. Содан Түркістанға аман-есен оралып, үйленіп отбасын құрайды. Шаһардан «Наубайхана» ашып күн көріс жасайды.

Иманбек қажыдан үш бала болған, оны келесі тақырыпта таратамыз. Иманбек қажы Түркістан қаласында дүние салып, сол жерде жерленген.

Әбдіқұл қажы Әбдіқадырұлы.

Иманбек қажының немересі, Әбдіқұл Әбдіқадырұлы 1976 жылы ОҚО, Киров ауданы, Большевик совхозының (қазіргі Ш. Ділдәбеков ауыл әкімшілігі) «Қызыл-таң» ауылында дүниеге келген. Ауылдағы «Чкалов» атындағы мектептің алтыншы сыныбында оқып жүргенде, Өзбекстанның Наманган қаласында мұсылман мектебінде оқып жүрген бір ауылдасына ілесіп, Наманган қаласындағы УиЧи ауданындағы мұсылманша мектепке барып, оқуға түседі. Ол мектепте үш жыл оқиды.

Ауылға қайтып оралып «Чкалов» мектебінде курс ұйымдастырып, ауылдағы балалардың мұсылманша сауатын ашады. Өзі кейін Түркістан, Түлкібас, Шымкент, Алматы қалаларындағы медреселерде мұсылманша білімін толықтырып, көтереді. Туған жеріне оралғаннан кейін «Большевик» совхозының «имамы» болып тағайындалады. Имам болып 5-6 жыл жұмыс жасайды. Имам болып қызмет істеп жүрген кезінде ауыл жастарының арасынан көптеген шәкірттер дайындайды. Сол шәкірттері қазір ауылдағы мешіттерде «имам» болып қызмет атқарып жатыр.

Әбдіқұл отбасы жағдайына байланысты Алматы қаласына ауысады. Алматыға келгеннен кейін, сол қаладағы «Музаммль» мешітінің «Бас имамы» болып тағайындалады. Сол мешітте қазірге дейін «Бас имам» болып қызмет жасап келеді. 2006 жылы қажылыққа барып, Мекке мен Мединеде қажылықтың барлық парыздарын орындап, өтеп «Әқбар қажы» атанып келеді. Қазіргі күндері отбасымен, ұл-қыздарымен бірге Алматы қаласында тұрып жатыр.

Азнабай бақсы бабаның ел басқарған ұрпақтары.

Қалдыбекұлы Дулатбай ата.

Азнабай бақсыдан Қалдыбек ата, одан Дулатбай туған, яғни Азынабай бақсының немересі.

Арыстанбаб әулиенің күнбатыс жағына қарай 14-15 шақырым жерде, Сырдарияның арғы бетінде Шеңгелді ауылында дүниеге келген. Сол жерден 2-3 шақырым жерде ол кісінің атымен аталған құдық бар.

Дулатбай ата жастайынан ерекше болған. Анасы Дулатбайды 40 күндігінен шығарғанда, бесігіндегі жастықтың астына бір киім мата қояды (салт бойынша). Ол матаны қонақтар тарағаннан кейін, сол ауылдың бір кемпірі көрсетпей алып кетеді. Дулатбай 4-5 жасқа келгенде есік алдында ойнап жүріп, баяғы матаны алған кемпірді танып, шешесін шақырып, «Апа, мені қырқымнан шығарғанда жастықтың астына қойған матаны мына кемпір алған. Сол күні үйдің іші қып-қызыл еді» - дейді. Матаны алған кемпір бір жағынан таң қалып, екінші жағынан қорқыныш пайда болып, алғанын мойындайды. Шешесі баласын қырқынан шығарған күні жүн бояған екен. Бала жасынан Дулатбай атаға үлкендердің көз қарастары өзгешелеу болады.

Қоқан хандығына бас уәзір болып Түркістаннан бір кісі сайланады. Бас уәзір өзіне көмекші етіп Дулатбай атаны ертіп кетеді. Сол кезде Дулатбай атаның жасы жиырмаларда болса керек. Қоқанға барғаннан кейін, сол жерде тәжік қызына үйленеді (үйленуі жөнінде де әңгімелер бар, оның оқырмандарға аса қажеттілігі жоқ - деп ойладық). Ол әжемізбен 3-4 жыл өмір сүріп екі балалы болады. Содан соң Дулатбай ата қатты ауырады. Бас уәзір сол өлкедегі біраз тәуіптерге көрсетеді, бірақ ауыруынан айыға алмайды. Дулатбайды емдеуге келген тәуіптердің біреуі «Бұл кісі өз еліне қайтып, өзінің еліндегі бұрынғы тамақтарын ішіп-жесе кеселінен жазылып кетеді. Бұл жақты жерсінбей жүр» дейді. Сонымен Дулатбай ата

Түркістанға қайтып оралады. Қоқанда әжеміз бен екі ер бала қалып қояды.

Арада оншақты жыл өткеннен кейін үлкен ұлы Мырзалыны шақырып алып, ел есітіп жүрген әңгімеге байланысты Дулатбай ата ұлына «Қоқандағы інілеріңнің үлкені қазір шамамен он-он бір жасқа келіп қалды. Енді іздеуге болар. Сен барып көр, ананмен, балалармен сөйлесіп, осында алып кел» – деп тапсырма береді. Мырзалы Қоқанға барып, анасын, інілерін тауып, танысып, ол жерде оншақты күн қонақта болып, анасына әкесінің сәлемдемесін айтады. Анасы «Балалар көнсе менің қарсылығым жоқ»-дейді. Мырзалы ата балалармен сөйлесіп, Түркістанға баруға көндіріп, балаларды (інілерін) алып қайтады. Ол балалар Түркістанда әкесінің қасында 3-4 ай болады. Сонан соң Түркістан мен Қоқанның ауа-райының айырмашылығына байланысты болса керек екі бала да ауырады. Дулатбай атамыз ойлана келе балаларды Қоқанға (аналарының жанына) қайтаруға шешім қабылдап, апарып салуға тапсырма береді. Екі бала Қоқанға қайтып кетеді.

Мырзалы атамыз дүние саларының алдында өз балаларына Қоқандағы балалардан (туыстарынан) хабар алып, араласуын өтінеді. 1900 жылдың бас жағында Мырзалының екінші ұлы Райымқұл Қоқанға барып, анасын табады, ағаларымен кездеседі. Қайтар кезінде мекенжайын айтып, елге келіп кетуін өтінеді. Ол аталарымыз хабарласпай, ара үзіледі. Сонымен, «Қоқан» өңірінде екі атамыздан тараған «Азнабай бақсының» ұрпақтары сол жақта өмір сүріп жатқан болар. Бұл күнде олардан ешқандай хабар, деректер жоқ.

Дулатбай атаны Түркістанға келгеннен кейін «Мыңбасы» сайлайды, әрі «Датқа» кеңесінің мүшесі болады. Дулатбай атаның мінезі қатал, тура, елдің хал-жағдайын ойлайтын адам болған. Дулатбай ата айналасына мықты-мықты жігіттерді топтастырып жүрген.

Дулатбай ата жөнінде ел аузында қалған көптеген әңгімелер бар. Солардың бірі: Дулатбай Түркістан

қаласында Ташкент түйығында № 2 үйде тұрған (Қырық кепеде).

Бірде қасындағы жігіттерімен базарға бара жатса, бір өзбек кісі ешекті жүгендеп (мықты ешек болса керек) мініп, жігіттердің қасынан өте бергенде ешек шалшық суды шашып өтіп, Дулатбай атаның жап-жаңа шекпенін былғап кетеді. Қасындағы жігіттері «Мына оңбағанның бұнысы қалай?» – деп ашуланып, кейіс білдіреді. Дулатбай жігіттерін тоқтатып, «асықпаңдар сәті түскенде жауабын береміз» деп жүре береді.

Түркістан базарына кіреберіс жерге әлгі өзбек ешегін байлап кеткен екен. Атамыз жігіттеріне қарап «Мына ешекті ішке кіргізіп, ешек сататын жерге байландар» – дейді. Ешек өте мықты екен, байлай салысымен сауда басталып, тез арада сатылып кетеді. Сатып алған адам ешегін дуалдың жанына, қазыққа байлайды. Дулатбай ешекті сатқан ақшаны жігіттерінің біреуіне беріп, «Шайханаға барып шай дайындата беріңдер»– деп, өзі әрі базар аралап жүре береді. Бір айналып келсе әлгі ешек сатылған жерде қып-қызыл дау болып жатады. Сатып алған адам «Мен бұл ешекті өз ақшама сатып алдым. Оған мына кісілер куә» - деп шыр-пыр болуда. Дулатбай атамыздың керек кезінде екі көзін уқалап, айналдырып жіберіп, кәдімгі соқыр бола қалатын әдісі бар екен. Сол әдісіне салып екі көзін айналдырып жіберіп, кәдімгі соқыр адамша тұра береді. Ешекті сатып алған адам Дулатбайға қарап, ары-бері айналып көріп «Мына адамның көзінің соқырлығы болмаса тура маған ешек сатқан адамның өзі сияқты» деп аң-таң болады да қалады. Атамыздың жанында жүрген жігіттер ешекті сатып алған адамға тап беріп «Сен не, біздің ақсақалымызды ұры қылайын деп тұрсың ба, көзіңді ашып, жөндеп қара жала жаппай» дегендей әңгімелер айтады. Ушығып бара жатқан жанжалды басу үшін Дулатбай ата билік айтады. Ешекті сатып алған адамға «Сатып алғаныңды растайтын куәларың барма?» – дейді. Оның сатып алғанын растап екі кісі куәлік береді. Сонда Дулатбай ешекті сатып алған адамға «Ешек сенікі»-дейді де, ешектің бұрынғы иесіне

«Сен ешегіңді дұрыстап байлап, қарамайсың ба? Босанып кеткен ешегіңді өзің тауып ал, біреуге нақақтан жала жаппай» деп теріс айналып жүре берген екен.

Байзақ датқаны екінші рет сайлау уақыты жақындап қалады, дауыс жинау науқаны басталады. Сол кезде Байзақ датқамен Дулатбай ата арасында қырғи қабақтық бар екен. Соны сезіп жүрген кеңесшілердің біреуі, Байзақ датқаға «Дулатбаймен татуласпасаң, сайлауда жеңіліп қаласың» - деп кеңес береді. Сонымен Датқа мен Дулатбай ата жарасады. Сайлау басталады. Дауыс есептеушілер комиссиясының төрағасы етіп Дулатбайды сайлайды. Ол кезде Датқалыққа талапкерлер санына қарай бөлек-бөлек шұңқыр қазылып, соған жақтастары дауыс беріп, қойдың қатқан құмалағын тастайды екен. Дулатбай ата байқап, санап отырса Байзақ датқаның қарсыласы бір құмалақ озып барады екен. Дулатбай ата білдіртпей қарсылас жағынан бір құмалақты алып, езіп-езіп, топырақпен араластырып жібереді. Санақта Байзақ датқа жеңіп, екінші сайлауда қайтадан датқа болып сайланады. Дулатбай ата туралы ел аузында бұдан басқа да көп әңгімелер бар. Біз бір –екеуін ғана келтірдік.

Дулатбайұлы Мырзалы ата.

Мырзалы ата Дулатбайдың үлкен баласы. Мырзалы ата Шәуілдір ауданы Шеңгелді елді мекенінде дүниеге келген. Мырзалы ата жетімдер руының «Құба-Тебей» атасына «Жүз басы» болған.

«Түрік әлемі» халықаралық газетінің 2002 жылғы № 5-8 сандарында «100 жылдан кейін бас қоссақ немесе бабалар дәстүрін ғасырлардан ғасырларға жалғастырсақ» деген зерттеу мақала жарияланған. Бұл зерттеуге Қойтасұлы Әшірбек үлкен үлес қосқан. 1902 жылы Түркістанда Бөлтай сопы Қожамұратұлы Әс-Сабиған ат-Түркістанның кенже ұлы Қойтастың Хиуа шаһарындағы

«Ичанқалғада» Әминхан медресесін бітіріп келуіне байланысты бірнеше күнге созылған үлкен той өткен.

Ол тойға үш жүздің мың басы, жүз басылары жігіттерімен қатысқан, үш мыңға тарта адам шақырылған.

Негізінен бұл той үш жүздің рухани бас қосуы болған. Осы рухани басқосуға шақыртылып, қатысқандардың тізімі берілген (Ташкент қаласындағы орталық тарихи архивте бар, оған дәлел Қайтасов Әшірбектің қолжазбасы. Ол кейін келе кітап болып шықты). Осы тізімде; «Азнабай бақсының бір ұрпағы, Дулатбайдың тұңғыш ұлы Мырзалы қасындағы жігіттерімен бір топ болып келді» деп атап көрсетілген. Бұл жиынды айтып отырғанымыз, бұл жиында осы тұстағы қазақтардың рухани-әлеуметтік хал-жағдайына байланысты мәселелерді астыртын талқылап, Ресей патшасына наразылық хат жазу мәселесі көтерілген болса керек. Мырзалы атамыз осы жиынға қатысып, ел атынан өзінің көзқарасын білдірген. Бұл біз үшін әрине үлкен мақтаныш.

Мырзалыұлы Райымқұл.

(лақап аты «Ақжелке» Райымқұл.)

Азнабай бақсы бабаның төртінші ұрпағы Мырзалыұлы Райымқұл. Ол кісі туылғанда желкесінде бір топ ақ шашы болады. Содан «Ақжелке» атанып кетеді. Шәуілдір ауданының Шеңгелді елді мекенінде 1884 жылы дүниеге келген. Кеңес үкіметінің бастапқы кезеңінде жергілікті жерде, әсіресе ұлттық республикаларда Лениннің ұлттық саясатын іске асыруда патша үкіметінің жүйелері 1936 жылға дейін сақталған. Бірақ түрі патша үкіметінің, мазмұны кеңес үкіметінің бағытында болды.

Райымқұл кеңес үкіметі орнаған уақыттан бастап қызметке араласады. Алғашқыда, 1925-1929 жылдар аралығында «старшын» (орыс тілінен алынған) болып сайланады. Кейін 1929-1935 жылдар аралығында болыс болып сайланады. Сол кездері елден жырақтау жүрген Ергөбек ақын үш рудың болыстарына хат жазады.

Омарбек-жандар, Әужан-күлшығаш, Райымкүл-жетімдер.

Ергөбек ақынның үш болысқа өлеңдетіп жазған хаты төмендегіше:

Омарбек, Әужан, Райымкүл.

Болыс болдың жұрт сұрап,

Заманның сендер артынан.

Жетім-жесір көп еді,

Қарайлай жүр артыңа.

Жыландай шағып ысқырып,

Жан-жағыңды шарпыма.

Әруақ қонған балалар,

Бәріңе бұл сөз бара-бар...

*(«Қаратау шайырлары» Алматы,
Қаз.унив-т, 1991, 189 бет.)*

1935-1940 жылдар аралығында Шенгелді ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланады.

1940 жылы Мырзашөл өңірін суландыруға байланысты Киров каналын қазуға елден адамдар ұйымдастырылған. Сол кездегі Шәуілдір ауданының «Көк-Сарай» МТС-інен ұйымдасқан адамдарды басқарып бару Райымкүлға тапсырылады. 1940 жылдың қорытындысымен Көк-Сарай МТС-інен келген бригада облыста бірінші орын алып, ауыспалы «Қызыл туды» жеңіп алады. 1941 жылдан суланған жерлерге қоныстану басталады. 1942 жылы Райымкүл бұрынғы Киров ауданының «18-партконференция» колхозына төраға етіп сайланады. Содан 1947 жылға дейін істеп, жасының ұлғайғанына байланысты төрағалықтан босайды. Колхоз төрағалығынан босағаннан кейін 1951 жылға дейін аудандық су шаруашылығында бөлім бастығы болып қызмет жасайды. 1952 жылы өзінің ағайындары тұратын «Қызыл-таң» колхозына көшіп келіп, колхоздағы ақ егіс (бидай, қауын, дарбыз) бригадасын 1956 жылға дейін басқарады. Ол кезде (1960 жылдарға дейін) колхозаралық және оның ішкі

ұйымдастыру жұмыстарына қарияларды қатыстырып, соларға сүйенетін.

Ақсақалдардан ақыл-кеңес алып отыратын. Ол кісілер елдің бірлігі мен ынтымағын сақтап, жұмысты ұйымдастыруға көмек беретін. Райымқұл ата сол кездері «Бағара» МТС-іне қарасты сегіз колхозға билік жасайтын (әрине ресми емес) ақсақал болған. Ол кісінің билігіне көпшілік риза болатын. Себебі ол кісіде бұрмалау болмайтын. Жақын-алыс демей туралықты, шындықты, әділдікті айтып дұрыс шешім қабылдайтын. Ол кезде соғыс зардабынан арыла алмаған халықтың күн-көріс жағдайы өте төмен болатын. Райымқұл ата ауылды аралап жүргенде тұрмысы төмен отбасының біреуінің есігінің алдынан малдар көрсе балаша қуанып, кемпіріне келіп «Пәленшенің есігінің алдында сиыр байланыпты, құдайға шүкіршілік»-дейтін. Райымқұл ата қызметке араласқан ағайындарына, інілеріне, балаларына үнемі «Сендер бастықтардан қызмет сұрамаңдар. Өз қызметтеріңді адал, шын ықыластарыңмен, таза жүректеріңмен дұрыс атқарып, таза еңбек етіңдер. Адал еңбек еш уақытта ескерусіз қалмайды»-деп айтып отыратын.

Райымқұл ата 1966 жылы жаз айында, ағайындарының ортасында, бұрынғы Киров ауданының «Қызылтаң» колхозында дүниеден өтті. Ол кісінің сүйегіне сіңген қасиет қарапайымдылық, кішіпейілділік, еңбекке, қызметке, жалпы адам баласына деген адалдық еді.

Адасханұлы Бейсен.

Бейсен атамыз 1910 жылы Шәуілдір ауданы Шенгелді ауылында дүниеге келген. Анасы жас кезінде дүние салады. 11-12 жасында Ташкент қаласындағы жетімдер үйінде 2-3 жыл тәрбиеленеді. Сол жерде сауатын ашып, орыс тілін үйренеді. Соғыс басталғанда алғашқылардың бірі болып соғысқа аттанады. Орыс тілін білгендігінен «ерекше әскери батальонға» алынады. Соғыста 1941 жылдан 1945 жылға дейін болады. Соғыста

көрсеткен ерліктері үшін бірнеше ордендер мен медальдармен марапатталады.

Соғыс біткеннен кейін, 1945 жылы елге аман-есен оралады. Киров ауданы «Қызыл-тан» колхозына бастық болып сайланады.

Бейсекең бастық болған жылдары, колхоз егістіктен мол өнім алып, ағамыз «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталады. Аталған колхозда 1962 жылға дейін полевод, бригадир және де колхоздың басқа жұмыстарын атқарады. 1962 жылы ата қоныс Шәуілдір ауданы Шеңгелді ауылына көшіп келеді. Шеңгелдінің жері құнарлы, тары егіні бітік шығатын жер. Бабаларымыз сол жерді суландырып тары, қауын, дарбыз егіп күнелткен. Сырдариядан бабаларымыз өз еркімен ағатын «Терең арық» каналын қазып, суландырған. Шеңгелдіден ел Киров ауданының «Қызыл-тан» колхозына көшірілгендіктен, адамдар азаяды. «Терең арық» каналы көміле бастайды, тіпті су тоқтап қалады. Бейсекең қайтып көшіп барғаннан кейін, елді ұйымдастырып, каналды сағасынан бастап қайтадан аршып су шығарды. Су келген соң Шеңгелдіде бұрынғы тіршілік жанданып, егіс егу жұмыстары қолға алынады.

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің он, жиырма және жиырма бес жылдықтарына арналған медальдармен марапатталады. Шәуілдір ауданының «Құрметті азаматы» Адасқанұлы Бейсен 1991 жылы қайтыс болады. Туған жері - Шеңгелді ауылында жерленген.

Әбдіғапбарұлы Тастанбек.

Тастанбек Әбдіғапбарұлы Қазақ Елі тарихында өзіндік орны бар қасиетті мекен болып саналатын, киелі Отырар жерінде, яғни Шәуілдір ауданының Шеңгелді ауылында 1925 жылы дүниеге келген. Әкесі Әбдіғапбар Азнабай бақсының шөпшегі болады. Әбдіғапбар ақсақал ұзын бойлы, өте қарулы, қара күштің иесі болған. Білек күшімен атқарылатын қара жұмыс дегенде алдына жан

салмайтын мықты азамат болған екен. Ол кісінің жалғыз ұлы Тастанбектің балғын балалық шағы 1931-1933 жылдардағы атышулы ашаршылыққа тура келген. Сондықтан да балалық шақтың шаттық та шуақты күндерін ертерек еңбек жолымен айырбастап, ерте есейген жан.

Мектеп жасында жүрген кезде сабақтан бос уақытысында басқа балалар сияқты бос ойынға көп уақыт бөле бермей, көбіне әкесіне қолғабыс болып, жұмыстарына көмектесіп жүріп, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласының қыр-сырын жақсы біліп өсті. Өзінің зеректігінің арқасында 7-сыныпта оқып жүріп-ақ өзі оқыған мектебінің аға пионервожатыйы қызметін атқарып жүрді.

Киров ауданына келіп қоныстанғаннан кейін 8-сыныпты бітірген Тастанбек Қапланбек «Мал дәрігерлік техникумының» «Мал дәрігері» бөліміне оқуға түсіп, арнаулы орта білімді мамандық алып шығып, өз ауданында еңбекке қайта араласады.

Ұлы Отан соғысы кезінде оның жасы 18-ге толғанымен сол кездегі ұжымшар (колхоз) правлениесінің ұсынысымен «тылдағы еңбекке қажет маман» деп әскери комиссариат арқылы резервке алып қалып, ұжымшардың (Қызыл таң колхозының) Шардараның құмындағы жайылымдарда жайласқан малдарына малдәрігерлік жұмысына аттандырады. Бұл қызметтерді көп жылдар бойында, соғыс кезінде және соғыстан кейінгі ауыр жылдары аброймен атқарып, еңбектері ұжымшарда, аудандық партия комитетінде және аудандық атқару комитетінде еленіп, аудан басшылары атынан мадақтаулар мен алғыстарға ие болған.

1963 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің «Экономика» факультетіне сырттай оқуға түсіп, 4 курсын бітіріп, отбасы жағдайымен оқуды жалғастыра алмайды.

Киров ауданында канал бойында орналасқан Бағара МТС-іне қарасты колхоздар біріктіріліп 1958 жылы «Большевик» кеңшарын құрайды. Сонау елуінші жылдардың ортасынан бастап Тасекен осы жердегі

Жамбыл ауылдық кеңесінде есепші, аға есепші, жауапты хатшы қызметтерін атқара келе, кейіннен осы ауылдық кеңестің төрағасы болып сайланады. Халық депутаттары Жамбыл ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып жиырма жылдан астам уақыт қызмет істеген.

1970-1980 жылдар аралығында «Большевик» кеңшары бүкіл Кеңестер Одағына белгілі болып, Бүкілодақтық социалистік жарыстар нәтижесімен бірнеше жыл алдыңғы қатардағы ұжым болып, Мәскеудегі Кеңестер Одағы Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде (ВДНХ СССР) көрсетіліп, Кеңшарға «Еңбек Қызыл ту» ордені берілген.

Ұжымның сондай үлкен жетістіктерге жетуіне жетекшілік жасаған-кеңшар директоры Шаблан Ділдәбеков Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Ауылдық кеңесінің төрағасы Тастанбек Әбдіғапбаровта Одақ және Республика деңгейіндегі құрметті медальдар мен марапаттауларға ие болды. Заттай естелік силықтар алды. Социалистік жарыстың қорытындысымен астына темір тұлпар – «Москвич» автокөлігін мінді. Үкімет тарапынан арнайы медальдармен, төсбелгілермен және мақтау грамоталарымен бірнеше дүркін марапатталды.

Ауылдық кеңестің төрағасы қызметінде жүрген кезінде бірнеше дүркін аудандық кеңестің депутаты, Киров ауданы Өзбек КСР-і құрамында болған кездері Сырдария облыстық кеңесінің депутаты болып сайланған, елдің құрметіне бөленген ауданның абройлы азаматы Тастанбек Әбдіғапбаров 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін «Большевик» кеңшары мен Жамбыл ауылдық кеңесінде басшылық қызметтер атқарды.

Зейнеткерлікке шыққаннан соң ғұмырының соңына дейін, яғни 1997 жылдың 9 мамыры күні дүниеден өткенге дейін сол ауылдағы Ақсақалдар кеңесінің алқа мүшесі болып, ауылдағы және аудандағы қоғамдық жұмыстар мен іс-шараларға белсене қатысып, еліне қызмет істеп жүрді. Жұбайы Айнаш Момынқызы дүниеге он перзент (сегіз ұл, екі қыз) әкелген «Батыр Ана», «Алтын алқа» алтын

жұлдыздарының иегері. Айнаш анамыз 2006 жылы мамыр айында сексен жасында дүние салады.

Иә, жастайынан еңбекпен шындалып өскен Тасекен қандай жұмыста, қандай қызметте жүрсе де, қоғамдық жұмыстардың қандайына араласса да бойында тек бір ғана ұстаным болатын. Ол елге, жұртқа, еңбекке, қызметке, адам баласына деген адалдық еді. Міне осы ұстанымымен ол бұл өмірдегі өзінің адамгершілік абройын асқақтата білген ардақты азамат еді. Ол кісінің көзін көрген ақсақалдар Тасекенді еске алғанда міне осындай адалдық, адамгершілік қасиеттерін айтып отырады.

Артында айтарлықтай із қалдыра білген осындай азаматтарымыз ешқашан да ел есінен шықпауы тиіс.

Әкеден балаға мұра болып дүние, мал-мүлік қалса ол бір күні тозады, не таусылады. Ал әкеден балаға асыл мұра болып ел алдындағы абройы қалса ол мәңгі бақи таусылмайды да тозбайды. Кейінгі ұрпағына үлкен медеу, демеу болып тұрады.

Сарсенов Байтұрсын.

1940 жылы Шәуілдір ауданы Шенгелді ауылында дүниеге келген. 1959 жылы Киров ауданындағы «Победа» орта мектебін бітірген. Еңбек жолын орта мектепті бітіргеннен кейін аталған ауданның «Большевик» совхозының № 2 бөлімшесінде жұмысшы болып бастайды.

1961 жылы ҚазМУ-інің «Экономика» факультетіне түсіп, 1966 жылы «Экономист – қаржыгер» мамандығы бойынша жоғары білімді мамандық алып шығады. Қазақ КСР Қаржы министрлігінің жолдамасымен Шымкент облысының Қызыл құм аудандық қаржы бөліміне келіп, аға инспектор, қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарады. Ол өзінің кәсіби біліктілігінің, еңбек қабілеттілігінің арқасында ұзақ жылдар бойында Қазақ КСР Қаржы министрлігінің қаржы бақылау – тексеру басқармасының Шымкент облысының Киров ауданы бойынша аға бақылаушы-тексерушісі қызметінде істеген.

Кейіннен Жетісай ауданында құрылыс мекемелерінде бас есепші болып қызметтер істеді.

«Қаржы қызметінің үздігі» белгісінің иегері. Суреті Республикалық Қаржы министрлігінің құрмет тақтасына ілінген.

Киров ауданының құрметті азаматы. Қазір Мақтаарал ауданындағы «Жетімдер» руының көшбасшысы.

Райымқұлұлы Сейітжапбар.

Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Сейітжапбар Райымқұлұлы 1940 жылдың 21 желтоқсанында Шәуілдір ауданының Шеңгелді ауыл советінде дүниеге келген.

1959 жылы Киров ауданындағы «Победа» орта мектебін бітірген. Сол жылы шілде айынан бастап жоғарыдағы аталған ауданның «Большевик» мақта совхозының № 2 бөлімшесінде жұмысшы болып еңбек жолын бастаған.

1961 жылы С. М. Киров атындағы КазМУ-інің экономика факультетіне түсіп 1966 жылы бітіріп, «экономист-қаржыгер» мамандығын алған.

1966 жылы Қазақ КСР Қаржы министрлігінің жолдамасымен Шымкент облыстық Қаржы бөлімінде қызмет істеген. Аталған мекемеде салық бөлімінің ревизор-инспекторы, аға экономист болып 1970 жылдың тамыз айына дейін қызмет жасаған.

1970 жылдың тамыз айынан бастап, 2015 жылға дейін Шымкент қаласындағы Мәдениет институтында асистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан болып қызметтер жасаған. Аталған институт алдымен Денешынықтыру институтына қосылды, одан кейін екеуі де Қазақ технологиялық институтына қосылып, кәзір М. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті болып аталады.

Ғылыми жұмысын 1972 жылдан ізденуші болып бастаған, кейін 1974 жылы КСРО Ғылым Академиясы

«Экономика Институтының» аграрлық қатынастар бөліміне бекітіліп, аспирантурасын бітірген. Экономика ғылымының докторы, профессор Л. Н. Кассировтың жетекшілігімен шитті мақтаны өндіргеннен бастап, одан мата тоқылғанға дейінгі аралықтағы таза табыстың пайда болуы мен оның қалыптасуын зерттеп, осы мәселе бойынша 1977 жылы аталған институттың ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғаған. Ғылыми кеңес диссертациясын кітап етіп шығаруға ұсыныс берген.

1982 жылы Москва қаласындағы орталық «Экономика» баспасынан «Чистый доход и рентабельность в системе производства и переработки хлопка» деген атпен жеке кітабы шыққан.

Жоғарғы оқу орнында қызмет жасаған жылдарында 70-тен астам ғылыми және әдістемелік еңбектері жарық көрген. Оның ішінде үш кітабы: «Чистый доход и рентабельность в системе производства и переработки хлопка», Экономика, М 1982 г., «Экономикалық теория негіздері (оқу құралы)», Шымкент ОҚМУ баспасы, 2005 жыл., «Экономикалық теория негіздері (көрнекі оқу құралы)», Шымкент ОҚМУ баспасы, 2006 жыл., ғылыми тұрғыдан ерекше сұранысқа ие болған.

Сейтжапбар Райымқұлұлы бұдан басқа жиырмадан астам ғылыми теориялық, әдістемелік республикалық, одақтық семинарь-кеңестерге, конференцияларға қатысқан. Лениндік аграрлық қатынасқа 60 жыл толуына арналған «Бүкілодақтық симпозиумға» қатысып өзінің зерттеу қорытындыларын баяндаған.

Райымқұлұлы Сейтжапбар СОКП ОК-нің Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің, «Білім» қоғамының және Марксизм-Ленинизм университетінің лекторы болып қоғамдық жұмыстар да атқарған.

1982 жылдан 1991 жылға дейін Шымкент Мәдениет институтының бастауыш партия ұйымының хатшысы болған.

Шымкент облыстық атқару комитетінің «Мақтау грамотасымен», аудандық партия комитеттерінің грамоталарымен марапатталған. «Еңбек ардагері», «М.

Әуезов атындағы ОҚМУ-іне 70 жыл» медальдарымен наградталған.

**Әбдіғапбаров Нұрымбет Тастанбекұлы.
(«Өмірін өлеңменен өрнектеген».)**

Азнабай бақсының ұрпағы-Мырзалының кіші ұлы Әбдіғапбардың немересі Нұрымбет Тастанбекұлы 1956 жылы 10 қарашада ОҚО, Мақтаарал ауданы, Ш. Ділдәбеков ауылдық округінде (бұрынғы Киров ауданы «Большевик» совхозында) дүниеге келген. 1980 жылы Алматы қаласындағы Халық шаруашылығы институтын бітірген, жоғары білімді есепші-экономист.

1980 жылдан бастап Мақтаарал ауданында мемлекеттік қызметте, яғни қаржы және салық саласында лауазымды қызметтер атқарып келеді. Бүгінгі таңда Мақтаарал ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

Нұрымбет қай қызметте жүрсе де өзін сауатты, білікті, кәсіби мамандығын жақсы меңгерген, орындаушылық қабілеті жоғары қызметкер, жұмысты ұйымдастыра білетін, талапшан, мақсатқа жету талпынысы биік, жаңадан келген жас мамандарға өзінің кәсіби тәжірибесін үйрете білетін тәжірибелі маман ретінде, өзінің қарапайым мінезімен тек жақсы жағынан көріне білген, сондай-ақ аудан көлемінде болып жатқан қоғамдық-мәдени іс-шараларға да белсене қатысып жүрген абройлы азамат.

Экономика, қаржы және салық салалары жөнінде және басқа да көптеген өзекті мәселелер төңірегінде жазған мақалалары мен ойына түйген өзекжарды өлең туындылары республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі басылымдарда жарияланып жүрген белгілі ақын. Көптеген өлең топтамалары мен шумақтары «Аққулар ұшқан ауылым», «Көзайым», «Ғұмыр-дария» және тағы басқа да кітаптарда жарық көрген. 2011 жылы Алматы қаласындағы «Білім» баспасынан ақынның

«Ортаға салдым ойымды» атты жеке кітабы басылып шықты.

Мамандығы есепші-экономист болғанымен өзінің тал бойына біткен табиғи дарынының арқасында ақындық қасиеттерімен тұжырымды өлең шумақтарын елге сыйлап жүрген өнерлі жан. Оның ой көңілінен шыққан өлең шумақтары әртүрлі өзекті тақырыптарды қозғайды. Қалам тартқан тақырыптары сан түрлі сала. Оның ішінде: тарих, тіл, табиғат, адамгершілік, өмірдегі өзекті мәселелер, махаббат, әзілдер т.б. тақырыптардың бәрі де табылады.

Қазақстанның қоғам қайраткері, атағы бүкіл дүние жүзіне белгілі **халық ақыны Мұхтар Шаханов** Нұрымбеттің өлеңдер жинағын оқып шығып, талдау жасай отырып жоғары бағасын берген. Ақындық өнеріне шын ықыласпен шығармашылық табыстар мен жетістіктер тілей отырып, кітапқа **«Нұрымбет! Шындық пен ұлттық мүдде биігінен көрінуіне тілектеспін»** - деп қолтаңба қалдырып, ағалық ақ батасын берген.

Нұрымбеттің жазған көптеген өлеңдеріне жергілікті әуесқой композиторлар әндер жазып, ол әндер Еліміздің сахналарында, көпшілік жиналған қоғамдық жиындар мен мерекелерде орындалып та жүр.

Өзі мемлекеттік қызметте жүрсе де ел арасында өзінің асабалық өнерімен де көзге түсіп, үлкен тойларды басқарып, сол тойларда өз ойынан шығарған әзіл шумақтарын, басқа да күлдіргі әңгімелерін айтып ел көңілінен шығып, үлкендердің алғысын, баталарын ала жүріп, қасиетті ақындық өнеріне өзіндік үлес қоса білген «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт екенін еліне көрсете білген, бір сөзбен айтқанда «өмірін өлеңменен өрнектеген» азамат. Ол өзінің адамдық ұстанымын:

«Адамның ала жібін аттамастан,

Алланың ақ жолымен таза жүру.

Мәздем мен жағымпазды жақтамастан,

Өмірден өз орныңды таба білу» - деп түйіндейді.

Нұрымбет Тастанбекұлы жөнінде оның өнері, ақындық, адамдық қасиеттері туралы жазу үшін оның өмірлік қағидасына айналған осы бір шумақ өлеңіне зер

салып, көңіл бөліп, зерделей білсеңіз оның жан дүниесін толық түсінесіз...

Райымқұлов Абай Әбдіхалықұлы.

Оңтүстік Қазақстан облысы Киров ауданы «Большевик» совхозының «Қызыл таң» ауылында 1960 жылы 17 қарашада туылған.

Еңбек жолын жоғарыдағы аталған ауылда 1977-1979 жылдары жұмысшы болып бастаған. 1979 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына түсіп, 1984 жылы экономист мамандығын алды. Қазақ КСР Қаржы министрлігінің жолдауымен 1984 жылы Шымкент қаласының Еңбекші аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер бөліміне келіп, инспектор болып істеді. 1985-2000 жылдар аралығында Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық қаржы және салық органдарында экономист, бөлім бастығы, аудандық салық инспекциясы бастығының орынбасары, облыстық салық департаментінде бөлім және басқарма бастығы қызметтерін атқарды. 2000-2013 жылдар арасында Ордабасы, Қазығұрт, Шардара аудандарында салық комитеттерінің басшысы болып қызмет атқарды. 2013 жылдан бастап іріленген Мақтаарал ауданында аудандық салық басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарып келеді. Қазіргі таңда аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқаруда.

2005 жылы Қазақстан Республикасының «Салық қызметінің үздігі» атағы берілді.

2014 жылдың басында Қазақстан Республикасының қоғамдық ұйымдарының «Ұлт даңқы» орденімен марапатталған.

Азнабай бақсы бабамыздың Ұлы Отан соғысына қатысқан ұрпақтары.

Алтынбеков Ерназар.

1922 жылы Түркістан ауданы Борисовка ауылында туылған. 1942-1949 жылдар аралығында Кеңес Армиясы қатарында болады. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін де Батыс Украинада «Бендеровшілермен» шайқасып, жараланып, елге оралады.

1957 жылы Алматыда С. М. Киров атындағы КазМУ-інің «Экономика» факультетін, 1969 жылы Москвадағы «Қаржы-экономика» институтын бітірген.

1952-1982 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян, Арыс, Шәуілдір аудандарында тұтынушылар одағының төрағасы, Бадам сельпосының бастығы, Шымкент сауда техникумында бөлім бастығы, Аэропорт ресторанының директоры қызметтерін атқарады.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі және соғыстан кейінгі уақытта атқарған еңбектері үшін бірнеше дүркін грамоталар мен медальдармен марапатталған. Ерназар Алтынбеков 1981 жылы 79 жасында дүниеден өтті.

Әбдіхайымұлы Әмзе.

Әмзе ағамыз 1922 жылы Түркістан қаласында туған. Соғысқа 1942 жылы шақыртылып, 1947 жылға дейін қауіпсіздік комитетінің армиясында қызмет атқарған. Жеңістен кейін, 1947 жылға дейін Германияның Франкфурт на Майне қаласында елдің тыныштығын сақтауды қадағалаушы армияда қызмет жасаған.

Сол қалада тұрған кезінде бір неміс келіншегімен көңіл қосып, үйленеді. Неміс келіншегі бір ұл туып береді, оның атын Миша қояды.

1947 жылы елге қайтарда ағамыз неміс келіншегі мен ұлы Мишаны елге алып келмекші болады. Бірақ бұл кісілердің заңды некеге тұрғандығы жөнінде құжаттары

болмағандықтан келіншек пен баланы шекарадан өткізбейді. Сондықтан да Миша Германияда қалып қояды.

Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерлік шайқастары үшін Кеңестер Одағының маршалы Г. К. Жуковтың арнайы алғыс хатымен марапатталған. Кейіннен басқа да көптеген орден медальдармен марапатталған.

Әмзе ағамыз үлкенмен үлкен, кішімен кіші бола білетін өте ақкөңіл, ақжарқын, елгезек жан еді. Елге оралғаннан кейін көп жылдар бойы Түркістанда темір жол саласында жұмыстар істеген. 1984 жылы қайтыс болып, Түркістанда жерленген.

Мамырайымов Сазанбек.

Шәуілдір ауданы Шеңгелді ауылында 1922 жылы дүниеге келген. Орта білімді. Ұлы Отан соғысы басталған күндерден бастап, соғыстың аяғына, 1945 жылы май айына дейін әскер қатарында болып, соғыстың басынан аяғына дейін қатысқан. Елге аман-есен оралғаннан кейін аудандық ішкі істер бөлімінде паспорт бөлімін басқарған. Кейін аудандық байланыс бөліміне ауысады. Мал жайлауымен байланыс жасау үшін «Бимырза құдық» өңірінен радиостанция салынған кезде, сол станцияның бастығы болып қызмет жасаған (Айта кеткен жөн шығар: Бимырза құдықты қаздырған «құба жетімдер» бай Бимырза Қожамбердіұлы). Сазанбек ағамыз өмірден өткенге дейін Шардара ауданының «Юбилейный» совхозында коммуналдық шаруашылығын басқарды. 1980 жылы дүниеден өтті.

Ұлдары мен немерелері қазіргі кезде сол жерде тұрып жатыр.

Орманбекұлы Тәліп.

Тәліп Орманбекұлы Шәуілдір ауданы Шеңгелді елді мекенінде дүниеге келген.

1941 жылдың соңында Совет армиясының қатарына шақырылған. Қысқа мерзімді дайындық курсынан өтіп, майданға аттанған. Әскери борышын 1942 жылдың қантарында 29-армияның 216-шы запастағы атқыштар полкында қатардағы жауынгер болып бастаған. Кейіннен танкке қарсы артелерия тобының командирі болады. Курск, Орловск, Сталинград, Москва түбіндегі шайқастарға қатысқан. 1944 жылы 18 тамызда болған Висла-Ордерск операциясына қатысып, сол шайқаста ауыр жараланып, көптеген жарақаттармен госпитальге жіберіледі. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен, «I-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» және тағы басқа да ордендермен марапатталған.

Соғыс аяқталған соң еліміздің прокуратурасы саласына жұмысқа жіберілді. Сол жерде зейнеткерлікке шыққанша 35 жыл қызмет атқарады. Жұмыстан қол үзбей, оқуды сырттай жалғастырды. 60-шы жылдары ҚазМУ-інің заң факультетін сырттай бітірген. Соңғы жұмыс орны Алматы облысы Қапшағай қаласының прокуратурасында болған. Қапшағай қаласындағы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне қойылған мемориал-ескерткіште есімі мәңгілікке жазылған. Ол кісінің ұл-қыздары қазіргі кезде Алматы мен Қапшағай қалаларында тұрып жатыр.

Азнабай бақсының Ұлы Отан соғысынан оралмаған ұрпақтары.

Райымқұлұлы Әбдіжапбар.

Әбдіжапбар – 1919 жылы Шәуілдір ауданы Шеңгелді ауылында дүниеге келген. 1938 жылы Шымкент қаласындағы екі жылдық педагогикалық училищені «Математика пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген. Шеңгелді жеті жылдық мектебіне математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген.

1939 жылы Кеңес армиясының қатарына шақырылып, байланысшылар (связист) курсы бітірген. 1939 жылғы

Финляндиямен соғысқа қатысып, Ұлы Отан соғысы басталғанда 1941-1942 жылдары Герман фашисттерімен соғысқа қатысады. Әскери шені «Лейтенант», армия түрі – байланысшы (связист) болған. Сол 1942 жылдың соңына таман хабар-ошарсыз кеткен. Бүгінге дейін ешбір дерек жоқ.

Ағайынды Айышұлы Сейтқасым және Айышұлы Мұсабай.

Жолдасбекұлы Айыштың қос бірдей перзенті Сейтқасым мен Мұсабай ОҚО, Шәуілдір ауданы Шеңгелді ауылында дүниеге келген. Екеуі де соғысқа дейін туған ауылы Шеңгелді колхозында түрлі жұмыстар істеген. Қара жұмыстан қаймықпайтын, өте қарулы жігіттер болған. 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін ағайынды екі жігіт Шәуілдір аудандық әскери комиссариатынан әскерге шақыртылған. Соғыста жүрген кезінде екі жылдай хат жазып, хабарласып тұрған. 1943 жылдан кейін екеуі де хабар-ошарсыз кеткен. Олар туралы да күні бүгінге дейін ешқандай хабар-деректер жоқ.

Иманбекұлы Жүніс.

Азнабай бақсының ұрпақтарының ішінде алғашқылар қатарында Меккеге жаяулатып қажылық сапарын жасап, «Әкбар қажы» атанған Иманбек қажының үлкен ұлы Жүніс Түркістан қаласында дүниеге келген. Жүністің әкесі Иманбек қажы өзінің қажылық сапарын аман-есен өтеп елге оралғаннан кейін Түркістан қаласында «Наубайхана» ашып, нан пісіріп сатумен айналысқан. Тұрмыс жағдайы дұрыс болғандықтан үлкен ұлы Жүністі ертерек (жастау кезінде) үйлендірген. Жүністен бір қыз болған.

Жүніс Иманбекұлы соғыс басталғаннан кейін Түркістан қаласындағы әскери комиссариаттан әскер қатарына шақыртылып, соғысқа аттанған. Содан ешбір хабарсыз кеткен. Жүністің қызы соғыстан кейін де біраз

уақыт Түркістандағы әкесінің ағайын-бауырларымен араласып тұрған.

Азнабай бабаның Ауған соғысына қатысқан ұрпақтары.

Бейсенұлы Бахира.

Бейсенұлы Бахира 1961 жылдың ақпан айында Киров ауданы «Большевик» кеңшарының «Қызыл-тан» ауылында дүниеге келген. Әкесі Бейсен 1962 жылы атақоныс мекені Шәуілдір ауданы Шенгелді ауылына қоныс аударады.

Бахира еңбек жолын 1978 жылы сол Шенгелдідегі орта мектепті үздік бітіріп шыққан соң, ауылында қарапайым жұмысшы болып бастаған. 1979 жылы Киров ауданының әскери комиссариатынан Кеңестер Одағы армиясы қатарына шақыртылады. Дәл сол кезде, яғни 1978 жылы Кеңес үкіметі көршілес Ауғанстан мемлекетінде ішкі тәртіпті орнатып, бақылауда ұстау мақсатында өз әскерін Ауғанстан еліне кіргізген болатын. Ол саясатты Кеңес Үкіметі «Кеңестер Одағы әскерінің интернациональдық борышы» деп түсіндірген.

Бейсенұлы Бахира да әскер қатарында қызмет етіп жүргенде сол «интернациональдық борышын» өтеуге Ауғанстандағы Кеңестер Одағы Армиясының (Азаттық Армиясының) құрамында 1981 жылдың аяғына дейін, яғни екі жарым жылдай танкистер экипажында болып, ауғанстандағы қырғын соғысты бастан өткізіп, аман-есен елге оралады.

Ауған соғысында көрсеткен ерліктері үшін Бахира Үкімет тарапынан бірнеше медальдар, төсбелгілер және басқа да марапаттаулар алып, соғыс ардагері ретінде құрметтерге ие болған азамат. Жыл сайын арнайы сыйлықтар мен тиісті жеңілдіктерін алып тұрды.

Әскер қатарынан оралғаннан кейін ОҚО Киров ауданы Киров қалашығындағы кәсіптік техникалық училищесін бітіріп, Киров және Жетісай аудандарында

қарапайым жұмысшы, Жетісай қаласындағы 79 – ЖМК-да механизатор, жүргізуші қызметтерін аброймен атқарады. 1988 жылы Шәуілдір ауданына, ағайындарының қасына барып, сол жерде үйленіп, отбасын құрып, бүгінгі заман талабына сай кәсіпкерлікпен айналысады. Отбасында екі ұл, бір қызы және немерелері бар.

Бейсенұлы Бахира 2015 жылдың сәуір айында Шәуілдір ауданында кенеттен қайтыс болды.

**Азнабай бабамыздың ұрпақтарын
(бақсылар әулетін) әр кезеңдерде
басқарған ақсақалдары.**

**Қалдыбекұлы Дулатбай.
Дулатбайұлы Мырзалы.
Мырзалыұлы Райымқұл.
Әбдіғапбарұлы Тастанбек.
Райымқұлұлы Әбдіхалық.**

Қортынды сөз.

Кішкене ғана осы бір кітапшада ата-бабаларымыздың барлығының өмір жолын, (тарихын), Азнабай бақсы бабамыздың барлық әулетінің өмірдеректерін және басқа да болған оқиғаларды толық қамту мүмкін емес екені баршаға аян.

Қолдарыңызда тұрған кітапшада Азнабай бабамыздан тараған ұрпақтарды осы бүгінгі ұрпағына дейін таратуға барынша әрекет жасадық. Бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың ішінен шыққан жақсылар мен әулет тарихындағы елеулі жандар өмірінде болған оқиғалар жөнінде де әңгіме өрбітуге тырыстық.

Бүгінде шежіре кітап шығару соншалықты қиын емес. Ал оны жинақтап, тарихи деректермен үйлестіре білу өте ауыр. Қиынның-қиыны десе де болады. Осы кітапшада келтірілген деректердің барлығы да тура қаз қалпында келтірілген тарихи шындық деп те айта алмаймыз. Қателіктер де болуы мүмкін. Негізінен біз нақты деректерге баса назар аудара отырып дайындадық. Оқып шыққаннан кейін кітапшаға нақты дәлелдер келтіріп толықтырулар мен өзгерістер енгіземін деушілер болса қуана қарсы аламыз. Ол болашақ еншісінде.

Азнабай бақсы бабаның ұрпағымын дейтін әрбір азамат-ағайынымыз ата-бабларымыздың есімі жазылған бұл кітапшаны қасиеттеп сақтап, қадірлеп төріне іліп қойса да артықтық етпес.

Ата-бабаларымыз ұрпақтарының өсіп-өнуін, әрбір шаңыраққа ырыс-дәулет келіп, бақ қонып, қыдыр даруын тілеген.

Бәрімізді де Алланың өзі қолдасын. Бірлігіміз нығайып, ынтымағымыз артсын.

Әмин.

ТҮЙІНДЕМЕ.

Сейітжапбар Райымқұлов:

Қазағымның; ««Жақсының аты, дананың хаты өлмейді», «Өзің білгеннен не пайда өзгелерге үйретпесең» - дегендей даналы сөздері есіме түскенде, ықылым заманнан, ата-бабаларымыздан кейінгі ұрпақтарына, яғни біздерге мирас болып келе жатқан киелі де қасиетті ұстанымдар мен үрдістерді, сондай-ақ ұрпақтар шежіресін, тарихи деректер мен көнекөз қариялардың айтқан әңгімелерін негізге ала отырып, келер ұрпаққа аманат етуді жөн деп ойладым».

Нұрымбет Әбдіғапбаров:

«Әрбір азаматтың өзінің жеті атасын, шыққан тегін, руын толық білуі, бұл ата-атаға, ру-руға бөлінуге ұмтылу емес. Бұл өткенмен бүгінді, бүгінмен ертеңді жалғайтын, ертеден қалыптасқан ата-бабаларымыздың тарихи үндестік аманатын, яғни ұрпақтар үндестігін сақтап, келер ұрпаққа жеткізу».

МАЗҰНЫ

«Жеті ата» Н. Әбдіғалбаровтың бабаларға арнауы _____	3
«Қысқаша тарихқа шолу» _____	5
«Қоңырат ата» сызбасы _____	7
«Жетімдер» руының сызбасы _____	8
«Қойлыбайдың қобызы» М. Жұмабаевтың поэмасынан үзінді _____	9
«Қойлыбай бақсы туралы деректер» _____	12
«Азнабай бақсының кереметтері» _____	14
«Азнабай бақсы бабаның ұрпақтары» (Шежіресі) _____	26
«Азнабай бақсының қажылыққа барған ұрпақтары» _____	30
«Азнабай бақсы бабаның ел басқарған ұрпақтары» _____	32
«Азнабай бақсы бабамыздың Ұлы Отан соғысына қатысқан ұрпақтары» _____	48
«Азнабай бақсының Ұлы Отан соғысынан оралмаған ұрпақтары» _____	50
«Азнабай бабаның Ауған соғысына қатысқан ұрпақтары» _____	52
«Азнабай бабамыздың ұрпақтарын (бақсылар әулетін) әр кезеңдерде басқарған ақсақалдары» _____	53
«Қортынды сөз» _____	54
«Түйіндеме» _____	55

